## ЦИКЛОГРАММА.

### Қараша айы.

Өтпелі тақырып:**«Дені саудың жаны сау»** Мерзімі:8.11.-12.11.2021

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу**<br><br>**Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б. )** | Балаларды қабылдау Демалыс күндерін қалай өткізгендерін сұрау. Тазалық шараларын жүргізу.Еңбек тапсырмасы:Гүлдердіңшаңын сүрту«Мен өскенде кім боламын?» деген сұраққа жауап алу.Д/о:Бұл құрал қай мамандық иесінікі? | Суретке қарап әңгімеге тарту «Кім жоқ?» ойыны Балаларға мамандықтар суреті көрсетіледі. Көздерін жұмуды ұсынып, бір суретті жасырады. Қандай мамандық жоқ екенін табады. Еңбек тапсырмасы: Шығармашылық бұрышын жинастыру, қарындаштарды ұштау | Д/о «Суреттерді орналастыр» «Балабақша қызметкерлері» тақырыбында әңгімелесу Мақсаты:үлкендердің еңбектерін бағалауға үйрету Еңбек тапсырмасы: Табиғат бұрышын жинастыру,балықтарға жем беру | Ата аналары қандай маман иесі екенін әңгімелесу Сурет бойынша әңгіме құрастыру, жұмбақ шешу. Д/о:«Заттарды ажырат». Еңбек тапсырмасы:Кітап сөрелерін сүрту,жинастыру. | Үстел үсті [illegible] мен ойналатын ойын «Балабақшада кім еңбек етеді» тақырыбында мазмұнды суреттер ұсыну.Еңбек тапсырмасы. Ойыншық сөрелерін жинау,сүрту,сынған ойыншықтарды қоқысқа тастау. |
| | Жаттығулар кешені №2 | | | | |
| **Ойындар, Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық** | Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар | | | | |
| | **Д/о «Сөйлеп тұрған кім?»** Балалар біз қазір мына сөздерді естіп қандай мамандық иесі сөйлеп тұрғанын анықтайық: | Д/ о: «Әр маман иесінің тиісті көлігін тап!» Шарты: полиция, өрт сөндіруші, жүргізуші және дәрігердің көліктері шатастырылып берілген. | Д/ о: «Кім болам?»Шарты: Балаларға болашақта қандай мамандық иелері болғысы келетіндігін және елге қандай пайдасы туралы әңгімелету. | «Не артық?» Мақсаты: Балаларды суретке қарап,оларды топтастыруға үйрету. | Д/о: «Мамандық иелерінің құралдары» Шарты: Әр мамандық иесіне тән құралды тауып, орналастыру. |
| **Кесте бойынша ҰОҚ** | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы**: Шаштараз. Ә. Дүйсенбиев.<br>**Мақсаты:** Түбірлес сөздердің мағынасын түсіндіру. | **1.ҚМҰК**<br>**Тақырыбы:** Ұзындық. Шартты өлшеуішті пайдаланып, заттарды ұзындығына қарай салыстыру. | **1. Сауат ашу**<br>**Тақырыбы:**«Б» дыбысы.<br>**Мақсаты:** «Б» дыбысымен таныстыру.<br>**1. Ұйымдастыру кезеңі** – Балалар қазір жылдың | **1.Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:**Терезе алдында не өсіп тұр?<br>**Мақсаты**:Балаларды жаңа бөлме өсімдіктерімен таныстыру. Тәжірибелік- | **1.Сауат ашу**<br>**Тақырыбы:**«Б» дыбысы.<br>**Мақсаты:** «Б» дыбысымен таныстыру. |



Scanned with ACE Scanner

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдастыру кезеңі**<br>- Балалар, таза, ұқыпты бала деп қандай баланы айтамыз?<br>- Енді «ұқыпты бала» дегенге мағынасы қарама-қарсы сөз айтыңдаршы?<br>- Сендер өздеріңді қандай балаға жатқызар едіңдер?<br>- Өздерің таза жүресіңдер ме?<br>**2. Негізгі кезең**<br>Педагог балаларға түбірлес сөздер туралы мағлұмат береді.<br>- Түбірлес сөздер деп түбірі бір сөздерді айтамыз. Мысалы: талап – талапты, талапсыз;өсір – өсіру, өсірмеу; өнер – өнерлі, өнерпаз; бақыт бақытты, бақытсыз; ар – арлы, арсыз,кітап – кітапхана, кітапша, ойын – ойыншы, ойыншық, ойна, бала – балақай, балалық, балақан, бота – ботақан, ботагөз.<br>- Балалар, енді түбірлес сөздер құрастырып көріңдер.<br>- Балалар, мен жұмбақ жасырамын, тапқан | **Мақсаты:** ұзындық – заттардың созылыңқы болу қасиеті туралы ұғым қалыптастыру.<br>Міндеттері: бір-бірінің үстіне қою, жанастыру арқылы және шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын өлшеу мен салыстыруды үйрету.<br>**Ұйымдастыру кезеңі**<br>Шаттық шеңбер<br>2.**Негізгі кезең.**<br>–Келесі қандай фигура?<br>–Оны таяқшалардан құрастырыңдар.<br>Қайсысы ұзынырақ?<br>Қалай анықтадыңдар?<br>Одан кейін жануарлардың құйрықтарын ұзындығы бойынша салыстыруды ұсынады.<br>–Құйрықтарды бір-бірінің үстіне салып салыстыра аламыз ба? Олай болса, не істеуге болады?<br>Өлшемді – таяқшаларды (кесектер, «Лего» құрастырмасының бөлшектерін және т.б.) ұсынады. | қай мезгілі?<br>– Күз мезгілінің қазір қай айы?<br>Күз мезгілінің соңғы айы суық, ызғарлы, болып соңы қарға ұласады.<br>– Бүгін аптаның қай күні?<br>2. **Негізгі кезең:**<br>Мен сендерге бір жұмбақ жасырайын, жауабын сендер ойланып айтасыңдар.<br>**Жұмбақ.**<br>Алыста көлде,<br>Кеште де, түнде.<br>Бақ-бақ етіп,<br>Шулайтын ол не?<br>– Иә, дұрыс айтасыңдар.<br>Бақа сөзі «Б» дыбысынан басталады.<br>Педагог бақа сөзін екі тілде айтады.<br>– Кәне, бірге «Б», – деп қайталайық.<br>«Б»дыбысының дұрыс айтылу артикуляцсиясы.<br>Ерін бір-біріне жабысып тиеді, дауыс екпінімен «Б» дыбысы пайда болады.<br>– «Б» дыбысын ұзақ айтуға келмейді «М» дыбысына ұқсап кетеді екен? | тәжірибеалдық жұмыстарға деген қызығушылықтарын ояту, бақылау нәтижелерін салыстырып, талдау және қорытынды жасау қабілеттерін дамыту.<br>**1.Ұйымдастыру кезеңі**<br>Педагог саусақтарға арналған «Гүл» жаттығуының көмегімен алдағы жұмысқа қолайлы эмоционалдық жағдай қалыптастырады.<br>*Гүлдер, гүлдер, көп гүлдер,*<br>*Қызыл гүлдер, көк гүлдер*<br>*Жайнар кезім келді деп.*<br>*Қанаттарың желбіреп,*<br>*Таңмен бірге оянып,*<br>*Күн нұрына боянып,*<br>*Көрік бердің далаға.*<br>Сыныпта өсіп тұрған гүлдерге зер салуға шақырады. Олар әдемі ме? Олар көп пе? Оларға біздің топ отырған бөлме қолайлы ма? Бөлмеде өсетін өсімдіктер қалай аталады?Олар нашар ауаны сорып алады, жараның жазылуына көмектеседі, жүйке жүйесін тыныштандырады.<br>Сондықтан гүлдер мен өсімдіктерге күтім жасау | Шаттық шеңберіне тұрғызу.<br>Қуан, шаттан, алақай,<br>Қуанатын күн келді,<br>Күліп шықты күн бүгін,<br>Қайырлы таң!<br>Қайырлы күн!<br>Қайырлы күн, балалар<br>2. Негізгі кезең<br>– Балалар, өткен оқу қызметінде алыстағы көлден не келді?<br>– Бақа қалай дыбыстайды екен?<br>– Бақ-бақ еткен бақа қай дыбыстан басталады?<br>– «Б» дыбысы қандай дыбыс?<br>– Енді мына көркем суретке назар аударыңдаршы.<br>**Дидактикалық ойын «Не қалай дыбыстайды?»**<br>Ойын шарты: педагог балаларға жан-жануарлардың, жәндіктердің аттарын айтады.<br>Балалар сол жануар, жәндіктердің дауысын салып беру керек. |

Scanned with ACE Scanner

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| жауаптарына түбірлес сөздер құрастырып беріңдер.<br>*Жұмбақтар шешу:*<br>1.Ертемен күнде сен,<br>Қолыңды сүйкесең,<br>Кетіп кір, ласың,<br>Тап-таза боласың.<br>Бұл не? (Сабын)<br>2.Шомылған баланы,<br>Аймалап алады.<br>Сүйеді қолын да,<br>Сүртеді жанын да.<br>Бұл не? (Сүлгі)<br>**Сергіту сәті**<br>– Балалар, мен Әнуарбек Дүйсенбиевтің *«Шаштараз»* өлеңін оқып беремін.<br>**Сөздік жұмыс:**<br>Араз – қарсы мағынасында;<br>Жұпар – әтір, иіс судың исі.<br>Өлеңді суретке қарап, қайталату арқылы жаттату, өлең ішінен түбірлес сөздерді тапқызу.<br>Дәптермен жұмыс<br>Дәптердегі тапсырманы орындау<br>**3. Қорытынды бөлім.**<br>**Рефлексия**<br>– Өлеңде кім туралы | Қалай өлшеу керек екені туралы ойланайық.<br>Балаларға өлшеу ережесін белгілеуге көмектеседі: өлшемдерді бірінен соң бірін, арада бос орын қалдырмай орналастырып, санау керек.<br>**Сергіту сәті**<br>*1-тапсырманы орындауды ұсынады.*<br>Оны орындау үшін «Лего» конструкторының бөлшектері пайдаланылған.<br>Түсінікті тексеру және білімді түзету үшін мынадай үлгіде логикалық тапсырма ұсынуға болады:<br>2-*тапсырма.*<br>Қызыл қарындаш жасыл қарындаштан ұзынырақ заттардың ең биігінен, ең аласасына қарай сызып қосуды ұсынады. Ең аласа заттарды бояйды.<br>Ұзындықты өлшеу үшін өлшем керек деген қорытындыға келеді.<br>Өлшемдерді санайды | – Сондықтан да «Б» дыбысы дауысты дыбыс па, дауыссыз дыбыс па ?<br>– Иә, "Б"дыбысы – ұяң дауыссыз дыбыс.<br>– Ал дауысты дыбыстар қалай айтылады?<br>– Дауысты дыбыстарды қандай түсті текшемен белгілейміз?<br>– Ал дауыссыз дыбыстарды ше?<br>– «Б» дыбысынан басталатын сөздер ойлап айтыңдаршы.<br>– Енді осы сөздерді буынға бөлейік.<br>– Ба-қа, бал-ға, бал-та, бұ-ғы.<br>**Сергіту сәті:**<br>Саусағымда сақина<br>Санап көрші, кәнеки,<br>1, 2, 3 – бір, екі, үш –<br>Демалайық жинап күш.<br>**Тілге жаттығу жасату.**<br>Ба-ба – бақа.<br>Та-та – тасбақа.<br>**Дидактикалық ойын:**<br>**«Жоқ дыбысты тауып айт»**Ойын шарты: педагог өлең оқып, соңғы дыбысын айтпайды.<br>Балалар өздері қосып айтады. | қажет. Гүлдер тек далада ғана емес, бөлме ішінде де өседі.<br>**2.Негізгі кезең**<br>Балаларға әліппе-дәптердегі табиғат күнтізбесіне бүгінгі ауа райын белгілеуді ұсынады.<br>Әліппе-дәптердегі тапсырмалардың көмегімен балаларды мәселені іздеуге, шешуге<br>Жұмылдырады.Суреттермен танысып шығады.<br>Содан соң олардың ортақ белгілерін атап көрсетеді: сабағы, жапырағы, гүлі мен тамыры.<br>Айырмашылығы: жапырақтарының түсі мен пішіні.<br>Күрделі сұрақ: жасанды гүлді көрсетіп, «Оны өсіруге бола ма?» – деп сұрайды.<br>Педагог балаларды «*объективті деректер бойынша бөлу»* техникасын пайдалана отырып, топтарға бөледі. Топқа бөлінеді. Бір топқа жеке басына қатысты ерекшеліктеріне қарай топтасады (ақ құба, қараторы, сары балалар; қой | **Сергіту сәті:**<br>Ал, балалар, келіңдер,<br>Бой жазайық бәріміз,<br>Мойнымызды бұрамыз,<br>Қолымызды созамыз,<br>Аяқтармен топ-топ басып,<br>Орнымызға барамыз.<br>Педагог балаларға «Б» дыбысы бар сөздерден сөйлем құратады, "Б"дыбысын сөз ішінен табуға жаттығулар жасатады.<br>**Дидактикалық ойын «Не жетіспейді?».**<br>Ойын шарты: педагог гүлдің, партаның , аққаланың, үйдің суреттерін тақта бетін жапсырып қояды. Балалар жетіспейтін жерлерін апарып қосады. Мысалы: гүлдің жапырағы жоқ, партаның бір аяғы жоқ.<br>*Педагог саусақ бұлшық еттеріне арналған жаттығу жасатады.* |



Scanned with ACE Scanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | айтылады?<br>– Шаштараз қандай баланы ұнатады, қандай баланы ұнатпайды?<br>– Сендер өздерінді қандай баланың қатарына жатқызасындар<br>**2.Музыка**<br>**3.Русский язык**<br>**Тема**: «Моя семья»<br>**Цель:** обучение умению рассказывать о себе, о родителях, называть домашний адрес.<br>**Организационный** момент<br>Утренний круг<br>Собрались все дети в круг.<br>Я – твой друг и ты – мой друг! Дружно за руки возьмемся<br>И друг другу улыбнемся.<br>Дети собираются в круг, приветствуют друг друга улыбкой.<br>**Основная часть**<br>Педагог предлагает проговорить чистоговорки, напоминает, что проговаривать надо медленно, четко проговаривая каждый звук.<br>**Фонетическая зарядка**<br>Ын–ын–ын – это сын. | (сан жазылған карточкаларды шығарады). Сұрақтарға жауап береді.<br>Қимылдар жасайды.<br>Шартты өлшемнің көмегімен 1-тапсырманы орындайды.<br>Ең аласа заттарды бояйды.<br>Жасыл таспа көгілдірден жіңішкерек, көгілдір қызылдан жіңішкерек.<br>Ең жалпақ таспа қайсысы? Таспаларды қажетті түстерге бояңдар.<br>**Рефлексия.**<br>Оқу қызметін қорытындылайды.<br>Балаларды мадақтайды.<br>–Заттарды ұзындығы бойынша қалай салыстыруға болады?<br>Көзбен көріп салыстыру қолайлы ма? Қателесуге бола ма? Заттарды әрқашан бір-бірінің үстіне салып немесе бір-біріне жақындатып салыстыруға бола ма?<br>(Жоқ). Егер олар суретте бейнеленген болса, және қолға алуға келмейтін | Мысалы: Көлде жүрген бақ....<br>**Жұмыс дәптермен жұмыс:** дәптердегі № 19 тапсырма орындалады.<br>Көмек керек балаларға педагог көмектеседі.<br>**3. Рефлексия.**<br>Педагог қорытынды жасайды. Балалар оқу қызметін қалай түсінгенін білдіріп, смайликтер көтереді.<br>**2.Музыка**<br>**3.ӨӨТ**<br>**Тақырып:** Жақсы сөз жанды жадыратар<br>**Мақсаты :** Балаларға жақсы сөз жанды жадыратар жөнінде түсінік бере отырып, ішкі тыныштық құндылығының мәнін ашу.<br>**1. Ұйымдастыру кезеңі**<br>5 «Т». -Тәртіп -Талап -Тазалық<br>-Тыныштық -Татулық<br>Біздің топта балалар,<br>Тату-тәтті ойнайды.<br>Дос көңілі әрқашан<br>Тек жақсылық ойлайды.<br>**«Тыныс алу жаттығуы»** | көзділер, көк көздер, көзінің түсі<br>жасылдар; бойына қарай; белгілі бір жұмысқа – сурет салуға, құрылысқа, балықтарға күтім жасауға,биге өлең айтуға қызығушылықтарына қарай).<br>Педагог тапсырманы түсіндіреді: парақтың ортасына бөлме гүлінің суреті бейнеленген немесе БӨЛМЕ ГҮЛІ деп жазылған карточканы орналастырыңдар.<br>**Сергіту сәті**<br>**«Гүлдер» атты дидактикалық ойын ойнауды ұсынады.**<br>Мақсаттары: балалардың бөлме гүлдері мен бақша гүлдерін атауларын білу және оларды жіктеу қабілеттерін дамыту.<br>Балалар шеңбер құрып тұрады. Балалардың бірі бөлме гүлінің атын айтады (қожағай), содан соң допты көрші балаға береді. Ол басқа гүлдің атын айтады (бегония). Ойын осылай жалғаса береді. Жауап бере алмаған бала ойыннан | Кел, санайық санамақ,<br>Саусақтарды даралап.<br>Басбармағым алғашқы<br>Балаң үйрек жалғасы,<br>Ортан терек атасы,<br>Шылдыр шүмек анасы<br>Шынашағым балапан,<br>Бәріне ортақ алақан.<br>**Жұмыс дәптермен жұмыс:** дәптердегі № 20 тапсырма орындалады. Көмек керек балаларға педагог көмектеседі.<br>**3. Рефлексия**.<br>Педагог қорытынды жасайды.<br>– Балалар, оқу қызметінде түсінген, түсінбегендеріңді смайликтерді көтеру арқылы көрсетейік.<br>**2. Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** Мақтақы бен мысық<br>**Мақсаты:** Ертегіні мазмұндауда балалардың қабілеттілігін қалыптастыру.<br>Ертегінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап |



Scanned with ACE Scanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ын–ын–ын – это сын.<br>РА–РА–РА – моя сестра. Ат–ат–ат – это брат.<br>**И/У «Повторялочка».** Дети встают в круг. Педагог бросает мяч, называет слова на родном языке по прошедшей теме.<br>Дети слушают, ловят мяч, называют слова на русском языке. Возвращают мяч педагогу.<br>На экране большой, красивый дом.<br>– Ребята, что вы видите на экране?<br>– Дом какой?<br>– Кто живет в этом доме?<br>**Билингвальный компонент**: әке – папа, ана – мама, ата – дедушка, әже – бабушка, іні – младший брат, қарындас, сіңлі – младшая сестра, отбасы – семья, мен – я, сен – ты, әпке – старшая сестра.<br>Дети внимательно рассматривают картину, слушают, упражняются в произношении, повторяют слова на русском языке.<br>Педагог предлагает составить рассказ о своей | болса, бір-бірінің үстіне салу және бір-біріне жақындату арқылы салыстыра алмаймыз. Ондай жағдайда қандай тәсіл қажет? Қайсысы ұзынырақ екенін қалай білуге болады? (Өлшем қажет). Өлшеммен қалай өлшеуге болады? (Өлшемдерді бір-бірінің жанына орналастыру, ал егер өлшем біреу болса, оның орнын ауыстыру қажет).<br>**2.Қоршаған орта**<br>**Тақырыбы**: Нан дастарқанға қалай келеді?<br>**Мақсаты:** Ұннан жасалатын тағамдар туралы әңгімелету. Диқан мен наубайшылардың еңбегі жайлы түсіндіру. Нанды ардақтауға, ысырап қылмауға тәрбиелеу, үлкендердің еңбегін бағалауға баулу.<br>**Ұйымдастыру кезеңі**<br>**Шаттық шеңбер:**<br>*Жаңбыр, жаңбыр жауасың,*<br>*Жанымызға дауасың.* | **«Тыныс алу жаттығуы»**<br>Балаларды ыңғайландырып отығызу. Қолдарын тізе үстіне немесе партаға қойғызу.<br>**Негізгі кезең**<br>«Сыпайы қоян» ертегісі №11 оқу қызметі. 71 бет.<br>М.: 1.Қоян нені көріп қалды?<br>2.Қоян үңгірге кірерде қандай сөз айтты?<br>3.Жылан неліктен қоянға тиеді?<br>Қ.: 1.Сендер болсаңдар не істер едіңдер?<br>2. Сендердің бойларыңда сыпайылылық бар ма?<br>3.Әдепті болу үшін не істеу керек?<br>Шыдаудың өзі ащы болса да,жемісі тәтті.<br>Шыдамдылық қасиет сенің бойыңда бар ма?<br>Алтынсариннің «Асыл шөп»әңгімесін оқып беру.<br>1.Бәтима мен Зылиқа қалаға неге келді?<br>2. Бәтима неге қуанды ?<br>3.Зылиқаға қандай шөп табуын айтады?<br>Қ: 1.Сол жасырылған шөпті таба аламыз ба? | жалғаса береді. Жауап бере алмаған бала ойыннан шығады. Екінші айналымда ойынды жүргізуші бақша гүлінің атын атайды. Ойын әрі<br>қарай жалғасады.<br>**Әліппе-дәптермен жұмыс істейміз.**<br>*Балалармен жеке-жеке жұмыс істейді.* Суретті қарап шық. Бөлме гүлдері не сұрап<br>тұр? Қарындашты пайдаланып, сызықтармен қоса, гүлдерге көмектес. Екінші жартысының суретін сал. Педагог мынадай сұрақ қояды: Үйде қандай бөлме гүлінің<br>болғанын қалайсың? Оның себебі неде?<br>**«Неге ұқсайды» ойынын ойнауға шақырады.**<br>Педагог айтқан затқа ұқсас заттарды атай бастайды.<br>П: Кактустың инелері неге ұқсайды?<br>Б: инеге, кірпінің инелеріне, ұстараның жүзіне, қаламның ішіндегі білігіне…<br>Тапсырмаларды орындайды.<br>**3.Қорытынды кезең (рефлексия)** | беруге дағдыландыру. Ауыз әдебиеті шығармалары негізінде қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі арқылы еңбекке баулу. Әдеби жанрдың бір түрі – ертегі туралы түсініктерін кеңейту.<br>**1.Ұйымдастыру кезеңі.**<br>**Шаттық шеңбері**<br>**2.Негізгі кезең.**<br>Педагог балаларға жұмбақ жасырады:<br>*«Тонын киіп туған, Жалап бетін жуған».*<br>(Мысық)<br>– Балалар, бүгін «Мақтақыз бен мысық» ертегісімен танысамыз.<br>Ертегі – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру.<br>Ертегіні оқып, мазмұнын ашу.<br>**Сұрақ-жауап:**<br>- Ертегі қалай аталады?<br>- Мақтақыз не тауып алды?<br>- Мысық не істеді? |



Scanned with ACE Scanner

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| семье. *«Меня зовут … . Мне … лет. Папу зовут… . Маму зовут… . У меня есть маленькая сестра, ее зовут… . Мы живем (дом адрес). У нас дружная семья».*<br>Дети составляют рассказ.<br>**Физкультминутка «Мы топаем ногами»**<br>*Мы хлопаем в ладоши, хлоп, хлоп*<br>*Мы топаем ногами, топ,*<br>*Качаем головой*<br>*Мы руки поднимаем, мы руки опускаем*<br>*Мы низко приседаем и прямо мы встаем*<br>*Руки вниз, на бочок.*<br>*Разжимаем – в кулачок Руки вверх и в кулачок,*<br>*Разжимаем на бочок,*<br>*На носочки поднимайся,*<br>*Приседай и выпрямляйся,*<br>*Ноги вместе. ноги врозь.*<br>Дети повторяют слова и выполняют движения за педагогом.<br>**Д/игра «Бинокль»**<br>Предлагает детям «бинокли» – свернутые в трубочку листы бумаги. Показывает указкой на каждого члена | *Біз ойнайтын ауланың,*<br>*Тазартасың ауасын.*<br>- Балалар көңіл күйлерің қалай?<br>- Олай болса көңілді болғанда не істейсіңдер?<br>- Қол шапалақтаймыз?<br>- Ренжігенде, қабақ түйеміз. *(балалар қабақтарын түйеді)*<br>- Қорыққанда көзімізді жұмамыз *(балалар көздерін жұмады)*<br>- Қуанғанда, күлеміз.<br>- Ендеше, балалар,- көңіл күйлеріңді алдарыңдағы смайлик арқылы көрсетіңдер<br>- Жарайсыңдар, барлығымыздың көңіл - күйіміз жақсы екен, олай болса оқу іс - әрекетімізді бастаймыз.<br>**2.Негізгі кезең.**<br>- Балалар қазір жылдың қай мезгілі?<br>- Күз мезгілінің айларын атаңдаршы?<br>- Күз мезгілінің ерекшеліктерін атаңдар?<br>**Жұмбақ**<br>*Ұзын мұртты сарылар,*<br>*Қойынында дәні бар*<br>*Үсті тас, асты тас* | Сыпайы болу оңай ма? Сенің бойыңда шыдамдылық қасиет барма?<br>**Сергіту сәті**<br>«Біздер әдептілікті гүлден қалай үйренеміз» тақырыбында **сурет салу.**<br>**Рефлексия** *Топпен ән айту*<br>Соңғы тыныштық сәті «Мен әдепті баламын» әні.<br>Көзімізді жұмып, еркін жайғасамыз. Бүгіннен алған жақсы сөздерді ,ойларды жүрегімізге жеткізіп, көкейімізге түйіп алайық.<br>Көзімізді ашайық. Рахмет.<br>4.**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы**: «Біздің стадион»<br>**Мақсаты:**Әртүрлі жүру түрлерімен жүруге үйретуді жалғастыру (аяқты айқастырып жүру, отырып және жартылай отырып жүру, артпен жүру – 4 метр), қолдарының үйлесімді ырғақпен қозғалу | Педагог ҰОҚ-ны қорытындылайды. Тәрбиеленушілерді өзінің ҰОҚ-да атқарған жұмысына баға беруге шақырады (көңіл күйі: жайлы, жайсыз). ҰОҚ қызықты болған болса, күліп тұрған смайлдың суретін салуды сұрайды. Қызықты болмаса, тік сызық сызады<br>**2.Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы:**Ит – жеті қазынаның бірі.<br>**Мақсаты:** балалардың адам мен жануар бейнесін мүсіндеу іскерлігін қалыптастыру.<br>**1.Ұйымдастыру кезеңі.**<br>**Шаттық шеңбері**<br>**2.Негізгі кезең**.<br>–Балалар,иттің дайын жасалған үлгісін басшылыққа ала отырып, иттің мүсінін жасап көрейік:<br>1. Ермексаздың үлкенірек бір кесегін алып, алақан арасына салып жұмсартамыз, содан соң үлкен сопақша пішінге келтіріп, денесін жасап аламыз. | - Мақтақыз мысықты қалай жазалады?<br>- Мысық қатық іздеп нелерге кездеседі?<br>- Мысық құйрығын қалай қайтарып алды?<br>**Сергіту сәті:**<br>Біз балдырған баламыз,<br>Дос құшағын елге ашқан.<br>Тілегіміз тыныштық,<br>Ашық болсын көк аспан.<br>Мықты болсын іргеміз<br>Бәріміз де біргеміз.<br>- Ертегіні қайталап, есімізге түсірейік.<br>Оқылған ертегі сюжеті бойынша мазмұнын шығармашылықпен әңгімелейді.<br>3-4 балаға айтқызып қайталату.<br>**Дәптермен жұмыс:**<br>- Сурет бойынша ертегі жүйесін сақтап баянда.<br>- Мысық не істеді?<br>- Мақтақыз неге ашуланды деп ойлайсың?<br>- Мысықтың әрекетін ретімен әңгімеле. |

Scanned with ACE Scanner

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| семьи и спрашивает: Кто это?<br>– Серик, кого ты видишь?<br>(Предлагает ему «бинокль»).<br>– Я вижу маму (папу, мальчика, девочку, дедушку, бабушку).<br>–Азамат, ты кого видишь?<br>–Я вижу папу (дом) и т.д.<br>**Пальчиковая гимнастика**<br>Этот пальчик – дедушка, этот пальчик – бабушка.<br>Этот пальчик – папочка, этот пальчик – мамочка. Этот пальчик – я, это вся моя семья.<br>**Работа в азбуке-тетради**<br>Задание №1<br>- Рассмотри картинку.<br>Расскажи, кто что делает.<br>Составь рассказ о своей семье.<br>Задание №2<br>Раскрась шары: шар мамы в красный цвет, папы – в желтый, брата – в синий, сестры – в зеленый.<br>**3.Рефлексия**<br>Педагог подводит итог, поощряет детей.<br>**4.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы :**Біз-болашақ әскерміз! | *Ортасында піскен ас*<br>**(бидай)**<br>Бүгінгі біздің өтетін оқу іс - әрекетіміздің тақырыбы: «Нан дастарқанға қалай келеді?»<br>- Ендеше, балалар, нан біздің дастарқанымызға қалай келеді? - деген сұраққа жауап іздеп көрейік.<br>- *Дұрыс олай болса нанның дастарханға қалай келетінін әңгімелеп берейін.*<br>-Алдымен трактормен жерді жыртады, диқандар ол жерге бидайдың тұқымын тастайды. Бірнеше күндерден кейін дәндер өсе бастайды. Бидайдың сабақтары пайда болады, оны диқандар үнемі суарып отырады. Күзде астықты комбайндармен орады және үстерінен бастырады. Бидайды диірменге апарып тапсырады. Аппақ болып ұн дайындалады. Кап – каптармен ұнды | шеберліктерін (машықтарын) дамыту.<br>**Ұйымдастыру кезеңі**<br>Балаларға стадионда жаттығудың маңызын түсіндіреді.<br>*Оңға, оңға түзу тұр,*<br>*Солға, солға түзу тұр.*<br>*Артқа қарай бір адым,*<br>*Алдыға қарай бір адым.*<br>*Жоғары-төмен қарайық,*<br>*Секірейік, жүгірейік.*<br>**Негізгі кезең**<br>Жүріп қайта сапқа құруды орындайды. Педагогтің бұйрығы бойынша бір іс-әрекеттен кейін екінші іс-әрекетті орындайды.<br>**Тыныс алу жаттығуы**<br>«Спортпен айналыссақ, жылдам өсеміз» – аяқтың ұшымен тұру, қолды жоғары көтеріп, дем алады.<br>«Күннен-күнге бойымыз өсіп жатыр» – қолды төмен түсіріп, табанды жерге толық басып, дем шығару.<br>**Негізгі қимыл-қозғалыстарды орындау:**<br>**«Волейбол»** | 2. Кішірек кесекті алып,алақанға салып домалақ пішінге келтіреміз. Содан соң бұл кесектен бастың пішінін шығарамыз. Бұл иттің басы болады.<br>3. Төрт кесекті алып, есу арқылы төрт аяғын жасаймыз. Аяқтарын денесіне біріктіреміз.<br>4. Дайын тұрған бас бөлігіне жіңішке таяқшаны енгізіп, екінші ұшын дене бөлігіне енгіземіз.<br>5. Ұсақ бөлшектерін дайындаймыз. Құлағын жалпақтау тәсілімен жасаймыз. Көз,мұрын орнына түймені пайдалануға болады. Аузын ермексаз кескішпен сызамыз.<br>6. Ермексаздың кішірек бөлігін есу арқылы құйрығын жасап иіп аламыз, оны денесіне орналастырамыз.<br>**Сергіту сәті.**<br>*Биік болып өсеміз,*<br>*Жапырақтай жайқалып.*<br>*Табиғатты сүйеміз,*<br>*Шетімізден шеберміз.*<br>*Денемізді тік ұстап,*<br>*Билеп-билеп аламыз* | - Жұбыңмен бірге кейіпкерлер диалогін ойнап көрсетіндер.<br>- Сен Мақтақыздың орнында болсаң не істер едің?<br>**3. Қорытынды бөлім. Рефлексия**<br>Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды.<br>- Ертегі сендерге ұнады ма?<br>**3.Аппликация**<br>**Тақырыбы:**<br>Құмырадағы гүл.<br>**Мақсаты**: қағазды бірнеше бүктеу арқылы қию әдісіне үйретуді жалғастыру.<br>1**Ұйымдастыру кезеңі**<br>«Тілек шоғы» жылулық шеңбері. Педагог әр баланың қолына бір-бір гүлден таратады. Педагог өз қолындағы гүлді тілек айтып, жанындағы балаға ұсынады. Жылы сөз айту жалғасады. Гүлдер көбейіп, «Тілек шоғы» болып, |

Scanned with ACE Scanner

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Мақсаты:**Заттар арасында кезектестіріп, оң және сол аяқпен секіру жаттығуларын жасай алуға жаттықтыру. Қапшықты төбеге қойып, гимнастикалық орындық үстімен жүріп өтуге тәрбиелеу.<br>**1.Ұйымдастыру кезеңі**<br>Әскер түрлерін атап шығу ұсынылады. Әскери адамдардың қандай қасиеттері болуы керектігін айтады.<br>2.**Негізгі кезең**<br>І.Бір-бірден тізбекке сап түзеп, жай жүрісті орындайды.<br>Тізесін жоғары көтеріп, сосын арт жағына жіліншегін сілкіп жүгіреді. Артпен жүру, сүйем қадам аттап жүруді орындайды. Жүру мен жүгірудің әр түріне сәйкес қол қимылының амплитудасын сақтауға басты назар аудару.<br>**ІІ.Кинезиологиялық гимнастика**<br>Басын шайқау.<br>Басымызды шайқаймыз, | наубайханаға тасиды. Онда ұн иленіп, нан пісіріледі. Нан таситын көліктермен дайын нандарды дүкендерге әкелінеді. Дүкенде нанның бірнеше түрлері: бөлке, тоқаш, батон, торттар, печениелер, бауырсақтар, бәліштер сатылымға шығарылады. Нан дастарқанға келгенше қаншама адам еңбек етеді. Мұның бәрі – адам еңбегі.<br>Бидай неден өсіп шығады?<br>- Бидайды немен жинайды?<br>- Күзде дайын болған өнімді қалай атайды?<br>**Дидактикалық ойын: дұрыс орналастыр.**<br>Ойынның шарты: Ұн, бидай, нан суреттері беріледі. Суреттерді нан жасалу жолдарымен дұрыс орналастыруы керек.<br>**Сергіту сәті:**<br>*Көктемде жерді жыртамыз,*<br>*Тегістейміз тырмалап.* | Допты бір-біріне бастан асыра лақтырып беруді түсіндіру. Бір-бірінен 2.5 метр арақашықтықта жұп болып тұрады. Малдас құрып отырады. Допты бір-бірінің қолына дәл лақтыруға тырысады. Лақтыру бағытын сақтап, қолдарын лақтыру кезінде түзу ұстауға тырысады.<br>**«Баскетбол»**<br>25 см биіктікте ілініп тұрған затқа екпінмен жүгіріп келіп секіріп, қолын жеткізу. Қолды дұрыс серпу мен аяқпен дұрыс итерілу машықтарын қалыптастыруға назар аудару.<br>**«Күрес»**<br>Гимнастикалық орындық үстінде алақан мен табанына таянып еңбектеу. Қол мен аяқты үйлестіріп қозғау, қауіпсіздік техниасын сақтау.<br>І.**«Мен бәрін орындай аламын»психологиялық тренингі** | Балалар жұмысқа кіріседі. Педагог кейбір балалармен жеке жұмыс жүргізеді.<br>**3.Рефлексия.**<br>Педагог оқу қызметін қорытындылап, дайын жұмыстардың артықшылығы мен кемшілігін балалармен бірге талдайды. Түзету жұмыстары жүргізіледі. Өздерінің иттері туралы әңгімелету, білетіндерін сұрау.Ата-аналаға арнап дайын жұмыс үлгілерінен көрме ұйымдастыру<br>**3. Қауіпсіз м құлық**<br>**Тақырыбы:** Табиғаттағы қауіпсіздік ережелері.<br>**Мақсаты:** балаларды табиғаттағы қауіпсіздік ережелерімен таныстыру.<br>**1.Ұйымдастыру кезеңі.**<br>**Шаттық шеңбері**<br>**2.Негізгі кезең.**<br>– Суретте не көріп тұрсыңдар?<br>– Суретте табиғаттың бір көрінісі бейнеленген. Біздің еліміздің табиғаты өте сұлу.Сондықтан оны қорғау керек. | педагогтің өзіне оралады.<br>Кімде-кім жақсы тілек айтса, жақсы тілек ойласа, сол үлкен жақсылыққа айналып өзіне қайтады<br>**2.Негізгі кезең**<br>Педагог балалардың гүл туралы түсініктерін суреттер көрсету арқылы кеңейте түседі.<br>– Бірінші үш гүл күлтесін қиып аламыз, содан кейін қалған бөліктерін қиямыз.<br>**Сергіту сәті.**<br>*Шаршағанда ырғалып,*<br>*Гүлге ұқсап дем алам.*<br>*Қанатымды бір қағып,*<br>*Гүлдей болып жайқалам.*<br>*Иілеміз оңға бір,*<br>*Иілеміз солға бір.*<br>*Педагог қарайды,*<br>*Аяққа бір, қолға бір.*<br>– Міне, балалар, гүліміздің бөліктерін қиып алдық, енді оларды жапсыруға кірісейік.<br>Балалармен жеке жұмыс жүргізіледі. |



Scanned with ACE Scanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Шайқалмаймыз,<br>байқаймыз! (Иықтарын<br>жазып, көздерін жұмып,<br>бастарын төмен қаратып<br>салбыратады. Терең<br>демалып, бастарын екі<br>жаққа баяу қозғалтады.)<br>«Алақан».<br>Алақанды қысамыз, Күшті<br>болсын қолымыз!( Оң<br>қолдың саусақтарымен сол<br>қол алақанын қатты<br>қысады. Сол қолы қарсы<br>итеріп, қарсыласады.<br>Жаттығуды екі қолмен<br>кезек орындайды.)<br>**«Бірінші бол!» ( 3 рет).**<br>Жүргізушіні алмастырып<br>жүгіру.<br>Педагогтің белгісімен аты<br>аталған ойыншы ең алдыға<br>тұра қалып, жүргізуші<br>болып,<br>жүгірісті басқа бағытта<br>жалғастырады. Басқа<br>баланың аты аталғанда сол<br>бала жүргізуші<br>болады. Осылайша олар<br>ауысып отырады.<br>Қолдарын кеудесіне дейін<br>жоғары қарай алдыға<br>қозғалтып, ішке тартып,<br>шынтағымен артқа шығару<br>керектігіне назар аударту. | *Дәндерді оған егеміз,*<br>*Жайқалып егін шықсын*<br>*деп.*<br>*Күз болғанда орамыз,*<br>*Нанға біздер тоямыз.*<br>*(қимылмен көрсету)*<br>**Дидактикалық ойын:**<br>**«Тез ойла»**<br>Ойынның шарты:<br>Мамандық түрлері<br>аталады. Солардың<br>ішінен тақырыпқа сай<br>мамандық иелері аталса<br>балалар қол<br>шапалақтаулары керек.<br>Мысалы: Дәрігер,<br>мұғалім, егінші,<br>тракторист,<br>наубайханашы, есепші,<br>комбайыншы, диханшы,<br>**Барлығымыз бірге**<br>**жаттайық:**<br>*Нан қоқымын*<br>*шашпаңдар,*<br>*Жерде жатса*<br>*баспаңдар.*<br>*Теріп алып қастерлеп,*<br>*Торғайларға тастаңдар*<br>**1Қорытынды кезең**<br>**(рефлексия).**<br>- Біз бүгін қандай оқу іс-<br>әрекеті болды?<br>- Не туралы<br>әңгімелестік? | –Бүгін тамаша күн.<br>Менде бәрі керемет.<br>Менің көңіл күйім де<br>керемет.<br>–Мен өзімнің қолымнан<br>бәрі келетініне<br>сенімдімін. Күннен-күнге<br>өзіме деген сенімділік<br>артып келеді. Менің<br>қолымнан бәрі келеді. Әр<br>адам балалық шақтан<br>өзінің күші мен өзінің<br>мүмкіндіктеріне сенімді<br>болуы керек. Бұл<br>сенімділік адамдармен<br>қарым-қатынас жасауға,<br>қоршаған ортада өзін-өзі<br>ұстай білуге көмектеседі.<br>**1Қорытынды кезең**<br>**(рефлексия).** «Күлкі<br>сыйла» ойын-жаттығуы.<br>Бір баланың көңіл күйі<br>бәріне әсер ететіндігін<br>айтып, дені сау адам<br>әрқашан жадырап<br>жүретіндігін айтады. | Сонымен қатар табиғат<br>аясында түрлі қауіпті<br>жағдайлар болады. Серуен<br>немесе саяхат кезінде<br>қауіпсіздік ережелерін<br>сақтау керек.<br>Педагог:<br>– Балалар сендер орманда<br>жүру ережесін білесіндер<br>ме?<br>Балалар:– Орманда шуламау<br>керек.<br>– Бір-бірінен қалмай жүру<br>керек.<br>– Айғайлап өлең айтпау<br>керек, себебі құстар, аңдар<br>шошып кетеді.<br>– Бұтақтарды сындырмау<br>керек.<br>– Құстарды өлтірмеу керек.<br>– Орманға қоқыс тастауға<br>болмайды.<br>– Міне, балалар, орманға да<br>келіп жеттік. Орманның<br>ауасы қандай таза?<br>Ауамен аздап дем<br>алайықшы. Таза ауада дем<br>алған қандай жақсы!<br>(Мұрынмен тыныс алу<br>жаттығуларын жасату).<br>**Жұмбақтар шешу.**<br>1. Ортасы қылдырықтай<br>Екі басы жұдырықтай.<br>/Құмырсқа/ | Балалардың жапсырған<br>гүлдерін,<br>күлтелерін,сабағын,<br>жапырағын санату.<br>– Құмырада неше гүл<br>бар?<br>– Күлтелерін санап<br>көрейік?<br>– Сабағын санайық?<br>– Жапырағы нешеу<br>екен?<br>3.**Рефлексия.**<br>Педагогқорытындылап<br>балаларды мадақтайды<br>**<u>4. Вариатив Өнерлі</u>**<br>**<u>екен он саусақ</u>**<br>**Тақырыбы:** Арыстан<br>жапсыру<br>**Мақсаты:** Түрлі<br>қағаздардан арыстан<br>бейнесін бастырып<br>жапсыру. |



Scanned with ACE Scanner

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Нұсқау: қысқа қадамдар жасап, аяқ басымен аттап жүгіру.<br>**«Секіргіштер».**<br>Екі тізбекке қайта сап құрады.<br>Бірінші ойыншы бір орыннан ұзындыққа секіреді. Екінші ойыншы сол жерден әрі қарай дәл солай секіреді. Сөйтіп барлық ойыншылар секіріп болған соң, қашықтықтарын салыстырады.<br>**ІІІ.«Жылулық сыйла».**<br>Балалар жұппен бір-біріне қарап тұрады. Біреуі алақандарын ашып, екіншісі алақандарымен оларды жабады.<br>Педагог: «Балалар, бір-біріміздің көзімізге бар ықыласымызбен, алақандарың ысып кеткенше қарайықшы... Алақандағы жылылықты сездіңдер ме? Ал енді бір-біріңе ізгі тілектер айтып, алақандарымызды одан да қатты жылытайық.<br>**3.Қорытынды кезең (рефлексия).** «Күлкі сыйла» ойын-жаттығуы. | - Нан қайдан келеді екен?<br>- Нанды қайдан алады?<br>- Ұнды кімдер дайындайды?<br>- Диірменнен шыққан ұнды қайда әкеледі?<br>- Балалар сендерге оқу іс-әрекет ұнады ма?<br>**<u>3.Сурет</u>**<br>**Тақырыбы:**Сазбалшық тан жасалған табақ.<br>**Мақсаты:** балаларға ою-өрнек элементтерін қолдана отырып табақты сәндеуді үйрету, түзу сызықтардың түрлі байланыстарымен құрылған қазақтың ою-өрнектерінің суретін салу тәсілдерімен таныстыру<br>**1.Ұйымдастыру кезеңі.**<br>Қылқалам мен акварель бояуын пайдалана отырып, әсем табақтарды әдемі өрнектермен әшекейлейді.<br>**2.Негізгі кезең**<br>Педагог: – Сәлеметсіңдер ме! Балалар, мына суретте не көріп тұрсыңдар? | | 2. Гүл ұшып гүлге қонады,<br>Гүл бақшам гүлге толады.<br>/Көбелек<br>1. Кішкене ғана түйме тас,<br>Атан түйе тарта алмас.<br>/Кене/<br>2. Ізі бар,<br>Адымы жоқ.<br>/Жылан/<br>– Балалар, бұлар зиянды жәндіктер өте қауіпті, сондықтан олардың шағып алуынан сақтанып жүру керек.<br>**Сергіту сәті**.<br>**Әліппе-дәптермен жұмыс**:<br>1. Қауіпсіздік ережелері сақталмаған суреттерді белгіле. Себебін түсіндір.<br>**3.Рефлексия.**<br>– Балалар біздер қай жаққа серуенге бардық?<br>– Табиғаттағы қауіпсіздік ережелерін еске түсірейікші?<br>– Табиғатта бәрі өзара байланысты, үйлесімді және келісімділікте тіршілік етеді. Адам – табиғаттың бір бөлігі. Табиғатты қорғау керек. Сондықтан | |

Scanned with ACE Scanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | 1,2, 3,<br>Орнымызда секіреміз – 1, 2, 3,<br>Өз орнымызды табамыз – 1, 2, 3.<br>Балалар жұмыстарын жалғастырады. Педагог балалармен жеке жұмыс жүргізеді.<br>**3. Рефлексия**<br>Ұйымдастырылған оқу қызметі қорытындыланады. Педагог балаларды мадақтайды.<br>Балалар жұмыстарына қарап, баға береді. Ата-аналарға көрме ұйымдастырылады.<br>**4.Вариатив Ертегілер әлемінде**<br>**Тақырыбы:** «Үш аю» ертегісі<br>**Мақсаты:** Ертегіні еске түсіру арқылы балалардың тілдерін дамыту. | | | |

Scanned with ACE Scanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Бір баланың көңіл күйі бәріне әсер ететіндігін айтып, дені сау адам әрқашан жадырап жүретіндігін айтады. | – Табаққа қандай тағамды саламыз? Расында да, бұл табаққа ұлттық тамақ – етті салады. Сондықтан табақ әр үйде болуы керек. Қылқалам мен акварель бояуын пайдалана отырып, әсем табақтарды әдемі өрнектермен әшекейлейік. Бірінші дөңгелек саламыз, сосын табақтың ішкі жақтауын саламыз, ал енді осы жақтауды әсем ою-өрнектермен әшекейлейік. «Қошқармүйіз»,«қызғалдақ», «ботамойын» т.б. өрнектерді салу жолдарын қағазға педагог салып көрсетеді, балалар өздері қалауы бойынша өрнектерді таңдайды және әшекейлейді.<br>**Сергіту сәті**<br>Алға қарай жүреміз – 1,2,3,<br>Артқа жүреміз – 1, 2, 3,<br>Оңға қарай жүреміз – 1,2,3,<br>Солға қарай жүреміз – | | табиғатты аялап, сақтау қажет және табиғат аясында серуендеу кезінде қауіпсіздік ережелерін ұмытпаған дұры<br>**4. Логика**<br>**Тақырыбы:** «Тапқыр болсаң, тауып көр»<br>**Мақсаты:** Ойлай отырып, санауды үйретуді жалғастыру, есте сақтау қабілеттерін арттыру. | |



Scanned with ACE Scanner

**ЦИКЛОГРАММА.**

**Қараша айы.**

Өтпелі тақырып:**«Дені саудың жаны сау»** Мерзімі:15.11.-19.11.2021

| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау<br>Ата-аналармен әңгімелесу<br><br>Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б. )** | Балаларды қабылдау<br>Демалыс күндерін қалай өткізгендерін сұрау. Тазалық шараларын жүргізу.Еңбек тапсырмасы:Гүлдердіңшаңын сүрту«Мен өскенде кім боламын?» деген сұраққа жауап алу.Д/о:Бұл құрал қай мамандық иесінікі? | Суретке қарап әңгімеге тарту «Кім жоқ?» ойыны. Балаларға мамандықтар суреті көрсетіледі. Көздері жұмуды ұсынып, бір суретті жасырады. Қандай мамандық жоқ екенін табады. Еңбек тапсырмасы Шығармашылық бұрышын жинастыру, қарындаштарды ұштау | Д/о «Суреттерді орналастыр»<br>«Балабақша қызметкерлері» тақырыбында әңгімелесу<br>Мақсаты:үлкендердің еңбектерін бағалауға үйрету<br>Еңбек тапсырмасы: Табиғат бұрышын жинастыру,балықтарға жем беру | Ата аналары қандай маман иесі екенін әңгімелесу<br>Сурет бойынша әңгіме құрастыру, жұмбақ шешу.<br>Д/о:«Заттарды ажырат»<br>Еңбек тапсырмасы:Кітап сөрелерін сүрту,жинастыру. | Үстел үсті қысқыштармен ойналатын ойын<br>«Балабақшада кім еңбек етеді тақырыбында мазмұнды суреттер ұсыну.Еңбек тапсырмасы: Ойыншық сөрелерін жинау,сүрту,сынған ойыншықтарды қоқысқа тастау. |
| | Жаттығулар кешені №2 | | | | |
| **Ойындар, Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық** | Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар | | | | |
| | **Д/о «Сөйлеп тұрған кім?»**<br>Балалар біз қазір мына сөздерді естіп қандай мамандық иесі сөйлеп тұрғанын анықтайық: | Д/ о: «Әр маман иесінің тиісті көлігін тап!»<br>Шарты: полиция, өрт сөндіруші, жүргізуші және дәрігердің көліктері шатастырылып берілген. | Д/ о: «Кім болам?»Шар ты: Балаларға болашақ та қандай мамандық иелері болғысы келетіндігін және елге қандай пайдасы туралы әңгімелету. | «Не артық?» Мақсаты: Балаларды суретке қарап,оларды топтастыруға үйрету. | Д/о: «Мамандық иелерінің құралдары»<br>Шарты: Әр мамандық иесіне тән құралды тауып, орналастыру. |
| **Кесте бойынша ҰОҚ** | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:** «Ең тәтті дүние» ертегісі<br>**Мақсаты:** Дауыссыз дыбыстар. Қатаң, ұян, үнді дауыссыз дыбыстарды жалпылама Түсіндіру.<br>**1. Ұйымдастыру кезеңі**<br>– Кәне, балалар, орнымыздан тұрып шаттық шеңберін құрайық. Педагог күзгі жапырақтарды жинап әкеліп | **1.ҚМҰҚ**<br>**Тақырыбы:** Дөңгелек. Шаршы. Тіктөртбұрыш. Үшбұрыш.<br>**Мақсаты:** балаларды фигуралармен таныстыру: дөңгелек, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш.<br>**1.Ұйымдастыру кезеңі.**<br>Педагог балаларға геометриялық пішіндерден (дөңгелек, шаршы, | **1. Сауат ашу**<br>**Тақырыбы:**«С» дыбысы.<br>**Мақсаты:** «С» дыбысымен таныстыру.<br>**1. Ұйымдастыру кезеңі**<br>**Шаттық шеңбер**<br>**2. Негізгі кезең:**<br>– Балалар, мына шардың түсі қандай?<br>– Сары сөзі қандай дыбыстан басталады?<br>– Кәне, бірге «С», – деп | **1.Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы**:Өсімдіктерге өсу үшін не қажет?<br>**Мақсаттары:**Өсімдіктердің тірі ағза екенін және өсу үшін барлық тіршілік иесі секілді оларға да белгілі бір қолайлы жағдайлар қажеттігі туралы түсінік қалыптастыру.Өсімдіктердің адам өмірі үшін маңыздылығы туралы түсінікті бекіту. | **1.Сауат ашу**<br>**Тақырыбы:**С»дыбысы.<br>**Мақсаты**: «С» дыбысымен таныстыру.<br>**1. Ұйымдастыру кезеңі**<br>Шаттық шеңберіне тұрғызу.<br>Бір-біріне жақсы сөздер айтады.<br>2. **Негізгі кезең**<br>– Балалар, өткен сабақта дыбыспен таныстыңдар? |



Scanned with ACE Scanner

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| қояды. Балалардың қолына бір-бір талдан таратады. Мына себетке жақсы сөз айтып жапырақтар саласыңдар.<br>**2. Негізгі кезең**<br>– Балалар, дыбыстар –дауысты дыбыс және дауыссыз дыбыс болып екіге бөлінеді.<br>Әліпбиде 42 дыбыс болса, соның 27-сі – дауыссыз дыбыстар. Дауыссыз дыбыстарды атап айтайық.<br>Дауыссыз дыбыстар кеудемізден сығылып, кедергіге ұшырап шығып жатыр. Дауыссыз дыбыстар қатаң, ұяң, үнді болып үшке бөлінеді. Мысалы: Қ, К, П дыбыстары – қатаң дауыссыз дыбыстар. Айтылған кезде қатты естіледі. В, Г дыбыстары – ұяң дауыссыз дыбыстар, жай естіледі.<br>М, Л дыбыстары – үнді дауыссыз дыбыстар, созылып естіледі.<br>**Сергіту сәті.**<br>Педагог Қ.Мырза **Әлидің** «Ең тәтті дүние» әңгімесін мәнерлеп оқиды.<br>**Ең тәтті дүние**<br>*Хайуанаттар бағының хайуандары түскі асқа жиналды. Дастарқан басында Қоян, Ешкі,*<br>[illegible] | тіктөртбұрыш, үшбұрыш) құрастырылған суреттерді қарауды ұсынады.<br>–Суреттер қандай пішіндерден құрастырылған?<br>–Осы пішіндердің қалай аталатынын білесіңдер ме?<br>Балалар суретті талқылап, өздеріне таныс пішіндерді атайды.<br>**2.Негізгі кезең.**<br>Балаларға геометриялық пішіндер таратылады.<br>Педагог топтар бойынша тапсырмалар ұсынады, әрбір топқа бір пішіндегі фигуралар беріледі.<br>Балалар пішіндер қандай да бір белгі – үлкен – кішкентай, сондай-ақ 3 түс бойынша бөлуі және бөлудің өз нұсқаларын ұсынуы тиіс.<br>*Педагог пішіндерді кезек-кезек атайды.* Мысалы, шаршылар. Шаршысы бар балалар тұрып, басқа балаларға көрсетеді.<br>**1-тапсырма.** Пішіндерді қараңдар. Олардың ішінде үшбұрыштар, шаршылар, тіктөртбұрыштар, дөңгелектер бар ма?<br>Саусақтарыңмен үстінен айналдыра сызып шығыңдар. | айтайық.<br>– Енді айнаға қарап, «С» дыбысын тағы да айтайық.<br>– Сендердің еріндерің қалай керілді?<br>*«С» дыбысының дұрыс айтылу артикуляциясы.*<br>Ерін езуге қарай тартылып, тіс көрінеді. Тіл тістерге тиіп, арасынан «С» дыбысы қысылып шығады.<br>«С» дыбысы – қатаң дауыссыз дыбыс.<br>– Дауыссыз дыбыстарды қандай текшемен белгілейміз?<br>**Тілге жаттығу жасату.**<br>*Са-са – сана*<br>*Се-се – кесе*<br>*Со-со – сона*<br>*Ес-ес – пышақпен кес.*<br>– Балалар, сендер «С» дыбысынан басталатын сөздер айтыңдаршы.<br>Айтқан сөздерін буынға бөлгізу. Буыннан сөз құралатынын естеріне түсіру.<br>**Сергіту сәті:**<br>*Тікірейген құлағы*<br>*Менен бұрын тұрады.*<br>*Бойын жазып керіліп*<br>*Беті-қолын жуады.*<br>– Енді, балалар, с дыбысына сөздер ойлайық.<br>Осы сөздердің ішіндегі «Сан» сөзіне дыбыстық | 1.**Ұйымдастыру кезеңі**<br>Педагог **«ГҮЛ ДҮКЕНІ»** ойынының көмегімен алдағы жұмысқа қолайлы эмоционалдық жағдай қалыптастырады.<br>Мақсаттары: балаларды өсімдіктерді өсетін орнына қарай топтастыра білуге, олардың сырт келбетін сипаттап беруге үйрету.<br>Педагог мынадай сұрақтарды қолданады: Өсімдіктерге не қажет? Өсімдіктің біздің бес саусағымыз сияқты бес түрлі көмекшісі бар.<br>Балалар сатушылар мен сатып алушылар рөлдерін ойнайды. Сатып алу үшін балалар өздері таңдаған гүлді суреттеп беруі тиіс. Бірақ оның атауын атамай, тек оның қай жерде өсетінін айтады. Оның қандай гүл екенін сатушының өзі табуы тиіс. Содан соң оның атын айтады және сатады.<br>Тыңдайды, гүлге топырақ, жарық, жылу, ауа мен су қажет деп жауап береді.<br>**2.Негізгі кезең**<br>Әліппе-дәптердегі табиғат күнтізбесіне ауа райын белгілеуге шақырады.<br>Әліппе-дәптердегі тапсырманы пайдалана отырып, балалардың тану | – Естеріңе түсіріңдерші, «С» дыбысынан басталатын сөздерді.<br>– «С» дыбысы қандай дыбыс?<br>– Балалар, сөздерге дыбыстық талдау кезінде, дыбыстардың несін ажыратамыз?<br>– Балалар, мына суретке қараңдар, ненің суретін көріп отырсыңдар?<br>– Осы сөздерді буынға бөліңдерші неше буыннан жасалады екен'<br>– Бір буында неше дауысты дыбыс болады?<br>**Дидактикалық ойын: «Дауыссыз дыбыстарды анықта»**<br>Ойын шарты: педагог өткен дыбыстарды атайды, балалар сол дыбыстан басталатын сөз айтады.<br>**Сергіту сәті.**<br>**Тіл ұстарту.**<br>*Са-са-са – ызыңдайды маса,*<br>*Ағаш болар таса.*<br>**Дидактикалық ойын: «Ойлан тап»**<br>Ойын шарты: педагог жұмбақ жасырады, балалар жауабын табу арқылы сөйлем құрайды<br>Мысалы: |

Scanned with ACE Scanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *келген Аю отырды. Дәмді тағамдар туралы әңгіме басталды.*<br>*– Ең дәмді тағам сәбіз ғой, шіркін! – деді Қоян.*<br>*– Мә-ә, мә-ә, – деді Ешкі. – Сәбіз, әрине, жақсы, бірақ, орамжапыраққа жетпейді.*<br>*– Тапқан екенсіңдер тәттіні! – деп Аю гүр ете түсті. – Сәбіз бен орамжапырақ та сөз болып па! Дүниедегі ең дәмді нәрсе – бал!*<br>*Үндемей қалған Борсық қана болатын. Ол бір есінеп алдыда:*<br>*– Дүниедегі ең тәтті нәрсе – ұйқы! – деді.*<br>– Әңгіме де нелер жайлы айтылған?<br>– Хайуанаттар қайда кездесті?<br>– Олар не жайлы әңгіме айтты?<br>– Қоян үшін не тәтті екен?<br>– Ешкі үшін не тәтті екен?<br>– Аю үшін не тәтті екен?<br>– Ал борсық үшін не тәтті екен?<br>– Балалар әңгімеде жанурлар нені ұнатса, сол тәтті екен.<br>Әңгіме мазмұны сендерге ұнады ма?<br>– Кәне, кім әңгіменің мазмұнын айтып береді?<br>**Дидактикалық ойын:**<br>**«Таңдап ал да, атын айт».**<br>Ойын шарты: Аңдар мен жануарлардың қиынды суреттері ішінен біреуін таңдап алып, | **2-тапсырма.** Дәптерде берілген заттарға мұқият қарап, қандай пішіндерге сәйкес келетінін анықта. Сәйкес пішіндермен сызып қос.<br>«**Геометриялық пішіндерден құрастыр» дидактикалық ойыны.**<br>Балалардың әрқайсысына 3 геометриялық пішіннен таратып, әртүрлі пішіндерді құрастыруды ұсыныңыз.<br>**3тапсырма.**Тапсырманы түсіндіріп, орындауға уақыт береді.<br>Дөңгелектер, шаршылар, тіктөртбұрыштар, үшбұрыштарды топтан бөледі. Әр топта әртүрлі нұсқалар болуы мүмкін. Біреулер түстер бойынша орналастыруы мүмкін (мұндай 3 топ болады). Басқалары өлшемі бойынша бөледі (мұндай 2 топ болады).<br>Сұрақтарға жауап береді: әр топ өз пішіндерін атайды: дөңгелектер, шаршылар, тіктөртбұрыштар, үшбұрыштар.<br>Тапсырманы орындайды: геометриялық пішіндерді тауып, оларды саусақпен | талдау жасаймыз.<br>С – дыбысы қандай дыбыс?<br>А – қандай дыбыс?<br>Н – қандай дыбыс?<br>**Дидактикалық ойын:**<br>**«Мен айтайыншы»**<br>Ойын шарты: педагог әртүрлі дыбыстарды үнтаспадан тыңдатады, балалар дыбысты ажыратып, қай дыбыс дыбысталғанын айтады.<br>– Балалар, сендер мұқият тыңдаңдар. Мен сөз айтамын, жоқ дыбысты сендер айтасыңдар.<br>Сағат соқты - ...ырт.<br>Бақылдайды бақа-..ақ-..ақ.<br>**Дәптермен жұмыс:** дәптердегі № 21 тапсырма орындалады. Көмек керек балаларға<br>педагог көмектеседі.<br>**3. Рефлексия.**<br>Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды.<br>– Бүгінгі сабақ қызықты болды ма?<br>**2.Музыка**<br>**3.ӨӨТ**<br>**Тақырып:**Дос болайық бәріміз<br>**Мақсаты**:Дос болайық бәріміз ұғымын түсіндіре отырып,ақиқат құндылығының мәнін ашу. | үдерісіне деген қызығушылықтарын арттырады.<br>Педагог баланың іс-қимылдарына пікір білдіреді, қажет жерінде түзетулер енгізеді.<br>Балалар ересек адамның көмегімен өсімдіктерге күтім жасау тәсілдерін көрсетіп береді.Гүлді қалай суару керектігін айтып береді.Топырақты қалай қопсытатынын, жапырақтарды жуу және су шашу тәртібін көрсетіп береді.<br>**Сергіту сәті**<br>Педагог «Өсімдіктерге тіршілік ету үшін не қажет?» деген тақырып бойынша **«Жиынтық» құрауға шақырады.**<br>Өзіндік жұмыс. Әр бала қолындағы материалдардан жиынтық жасайды. Мәселен, әр бала<br>өзінде бар материалдардан жиынтық құрады. Мысалы, сөздің айналасына. Жұптасып жұмыс істейміз. Әр бала жанындағы серіктесіне өзінің жасаған жиынтығын көрсетеді және оны жаңа мәліметпен толықтырады. Топпен бірігіп жұмыс істеу. Әр жұп өзінің жиынтығын екінші топқа көрсетіп, жаңа сөздер/суреттер | Бақшада жер қазып,<br>Жиып алды жез қазық.<br>– Шешуі: сәбіз.<br>– Неліктен жез қазық делінген?<br>– Жез сөзі бұл жерде қызғылт деген мағынаны білдіріп тұр. Қазық дегені сәбіз жерге қазық сияқты қадалып тұрғанын білдіреді.<br>**Саусақ бұлшық етіне жаттығу жасату.**<br>*Сорпаға тұз себемін,*<br>*Дәмін оның көремін.*<br>*Тұз аз болса тағыда,*<br>*Азырақ тағы себемін.*<br>Дәптермен жұмыс: дәптердегі № 22 тапсырма орындалады. Көмек керек балаларға педагог көмектеседі.<br>**3. Рефлексия.**<br>Педагог қорытынды жасайды.<br>– Бүгінгі оқу қызметі сендерге түсінікті болса күліп тұрған смайликті көтеріп көрсетіңдер.<br>**2. Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** Әдептілік әлемі<br>**Мақсаты:** Балалардың өлеңге деген қызығушылығын қалыптастыру. Өлең мазмұны бойынша |



Scanned with ACE Scanner

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| *келген Аю отырды. Дәмді тағамдар туралы әңгіме басталды.*<br>*– Ең дәмді тағам сәбіз ғой, шіркін! – деді Қоян.*<br>*– Мә-ә, мә-ә, – деді Ешкі. – Сәбіз, әрине, жақсы, бірақ, орамжапыраққа жетпейді.*<br>*– Тапқан екенсіңдер тәттіні! – деп Аю гүр ете түсті. – Сәбіз бен орамжапырақ та сөз болып па! Дүниедегі ең дәмді нәрсе – бал!*<br>*Үндемей қалған Борсық қана болатын. Ол бір есінеп алдыда:*<br>*– Дүниедегі ең тәтті нәрсе – ұйқы! – деді.*<br>– Әңгіме де нелер жайлы айтылған?<br>– Хайуанаттар қайда кездесті?<br>– Олар не жайлы әңгіме айтты?<br>– Қоян үшін не тәтті екен?<br>– Ешкі үшін не тәтті екен?<br>– Аю үшін не тәтті екен?<br>– Ал борсық үшін не тәтті екен?<br>– Балалар әңгімеде жанурлар нені ұнатса, сол тәтті екен. Әңгіме мазмұны сендерге ұнады ма?<br>– Кәне, кім әңгіменің мазмұнын айтып береді?<br>**Дидактикалық ойын:**<br>**«Таңдап ал да, атын айт».**<br>Ойын шарты: Аңдар мен жануарлардың қиынды суреттері ішінен біреуін таңдап алып, | **2-тапсырма.** Дәптерде берілген заттарға мұқият қарап, қандай пішіндерге сәйкес келетінін анықта. Сәйкес пішіндермен сызып қос.<br>**«Геометриялық пішіндерден құрастыр» дидактикалық ойыны.**<br>Балалардың әрқайсысына 3 геометриялық пішіннен таратып, әртүрлі пішіндерді құрастыруды ұсыныңыз.<br>**3тапсырма.**Тапсырманы түсіндіріп, орындауға уақыт береді.<br>Дөңгелектер, шаршылар, тіктөртбұрыштар, үшбұрыштарды топтан бөледі. Әр топта әртүрлі нұсқалар болуы мүмкін. Біреулер түстер бойынша орналастыруы мүмкін (мұндай 3 топ болады). Басқалары өлшемі бойынша бөледі (мұндай 2 топ болады).<br>Сұрақтарға жауап береді: әр топ өз пішіндерін атайды: дөңгелектер, шаршылар, тіктөртбұрыштар, үшбұрыштар.<br>Тапсырманы орындайды: геометриялық пішіндерді тауып, оларды саусақпен | талдау жасаймыз.<br>С – дыбысы қандай дыбыс?<br>А – қандай дыбыс?<br>Н – қандай дыбыс?<br>**Дидактикалық ойын: «Мен айтайыншы»**<br>Ойын шарты: педагог әртүрлі дыбыстарды үнтаспадан тыңдатады, балалар дыбысты ажыратып, қай дыбыс дыбысталғанын айтады.<br>– Балалар, сендер мұқият тыңдаңдар. Мен сөз айтамын, жоқ дыбысты сендер айтасыңдар.<br>Сағат соқты - ...ырт.<br>Бақылдайды бақа-..ақ-..ақ.<br>**Дәптермен жұмыс:** дәптердегі № 21 тапсырма орындалады. Көмек керек балаларға<br>педагог көмектеседі.<br>**3. Рефлексия.**<br>Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды.<br>– Бүгінгі сабақ қызықты болды ма?<br>**2.Музыка**<br>**3.ӨӨТ**<br>**Тақырып:**Дос болайық бәріміз<br>**Мақсаты:**Дос болайық бәріміз ұғымын түсіндіре отырып,ақиқат құндылығының мәнін ашу. | үдерісіне деген қызығушылықтарын арттырады.<br>Педагог баланың іс-қимылдарына пікір білдіреді, қажет жерінде түзетулер енгізеді.<br>Балалар ересек адамның көмегімен өсімдіктерге күтім жасау тәсілдерін көрсетіп береді.Гүлді қалай суару керектігін айтып береді.Топырақты қалай қопсытатынын, жапырақтарды жуу және су шашу тәртібін көрсетіп береді.<br>**Сергіту сәті**<br>Педагог «Өсімдіктерге тіршілік ету үшін не қажет?» деген тақырып бойынша **«Жиынтық» құрауға шақырады.**<br>Өзіндік жұмыс. Әр бала қолындағы материалдардан жиынтық жасайды. Мәселен, әр бала<br>өзінде бар материалдардан жиынтық құрады. Мысалы, сөздің айналасына. Жұптасып жұмыс істейміз. Әр бала жанындағы серіктесіне өзінің жасаған жиынтығын көрсетеді және оны жаңа мәліметпен толықтырады. Топпен бірігіп жұмыс істеу. Әр жұп өзінің жиынтығын екінші топқа көрсетіп, жаңа сөздер/суреттер | Бақшада жер қазып,<br>Жиып алды жез қазық.<br>– Шешуі: сәбіз.<br>– Неліктен жез қазық делінген?<br>– Жез сөзі бұл жерде қызғылт деген мағынань білдіріп тұр. Қазық дегені сәбіз жерге қазық сияқты қадалып тұрғанын білдіреді.<br>**Саусақ бұлшық етіне жаттығу жасату.**<br>*Сорпаға тұз себемін,*<br>*Дәмін оның көремін.*<br>*Тұз аз болса тағыда,*<br>*Азырақ тағы себемін.*<br>Дәптермен жұмыс: дәптердегі № 22 тапсырма орындалады. Көмек керек балаларға педагог көмектеседі.<br>**3. Рефлексия.**<br>Педагог қорытынды жасайды.<br>– Бүгінгі оқу қызметі сендерге түсінікті болса, күліп тұрған смайликті көтеріп көрсетіңдер.<br>**2. Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** Әдептілік әлемі<br>**Мақсаты:** Балалардың өлеңге деген қызығушылығын қалыптастыру. Өлең мазмұны бойынша |

Scanned with ACE Scanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | атын айтады және оның жүрісін салып береді.<br>**Дәптермен жұмыс.**<br>**Жаңылтпаш жаттау**<br>Педагог жаңылтпашты қайталау арқылы балалардың тілін жаттықтырады.<br>*Қай тай лақтай?*<br>*Қай лақ бармақтай?*<br>3. Қорытынды бөлім. Рефлексия<br>Педагогсұрақтар қою арқылы оқу қызметін қорытындылайды.<br>**2.Музыка**<br>**3.Русский язык**<br>**Тема:** «Для чего нужны предметы гигиены?»<br>**Цель:** формирование умения составлять рассказ по серии картин.<br>1.**Организационный момент**<br>***Круг радости «Улыбка»***<br>Мы идем с тобой по кругу<br>Улыбаемся друг другу<br>Повстречаться мы хотим<br>Поздороваться спешим<br>Снова встретились с тобой,<br>Топнем весело ногой,<br>Покачаем головой,<br>И помашем всем рукой.<br>**2.Основная часть**<br>**Фонетическое упражнение**<br>*ГА – ГА – ГА – длинная нога*<br>*КА – КА – КА – тонкая рука*<br>*ВЕК – ВЕК – ВЕК – высокий человек*<br>*ОЙ – ОЙ – ОЙ – замахал рукой*<br>*ОЙ – ОЙ – ОЙ – я ударился* | айналдыра басып сызады.<br>**3.Рефлексия.**<br>Оқу қызметін қорытындылайды, балаларды мадақтайды.<br>Балалардан сабақта ненің ұнағаны туралы айтып беруді сұрайды.<br>Сұрақтарға жауап береді.<br>Әсерлерімен бөліседі.<br>**2.Құрастыру**<br>**Тақырыбы:** Әдемі ұшақтар.<br>**Мақсаты:** қағаздан құрастыруға үйретуде түрлі бағытта: тегістеп бүктеу, шаршы қағазды бүктеу біліктерін қалыптастыру.<br>**1. Ұйымдастыру кезеңі.**<br>Педагог үлгіге талдау жасап, ұшақтардың түрлері туралы әңгімелейді,жұмбақ жасырады.<br>**Жұмбақ:**<br>*Құстан аумайды,*<br>*Көкте зулайды.*<br>*(Ұшақ)*<br>**2. Негізгі кезең**<br>Ұшақты қағаздан жасалу жолдарын түсіндіреді:<br>–қағазды қиғашынан қос бүктеу, екі қанатын сыртқа қарай қайырып бүктеу;<br>- бүктеу сызықтарын | **1. Ұйымдастыру кезеңі**<br>**Шаттық шеңбер.**<br>Достарды біз қолдаймыз<br>Қиын шақта қорғаймыз<br>Біздің топта ұл-қыздар<br>Тату тәтті ойнаймыз<br>*Тыныштық сәті: «Нұрға бөлену»*<br>Балаларды ыңғайландырып отығызу. Қолдарын тізе үстіне немесе партаға қойғызу.<br>**2.Негізгі кезең.**<br>Әңгіме «Атасының ақылы» С. Сейтенов №13-77б.<br>- Еркін мен Төкен достықты қалай түсінді?<br>Еркіннің атасы немересіне достық туралы қандай ақыл берді?<br>- Шынайы достықты қалай түсінеміз?<br>Шынайы достар шындықты айта ала ма?<br>Шынайы достар қандай болады?<br>**«Шыншыл бала- батыр бала»(халық даналығы)**<br>1.Шыншыл бала, батыр бала дегенді қалай түсінесіңдер?<br>«Дос іздеген Бота» қазақ ертегісін оқу.<br>- Сендер үнемі шындықты айта аласыңдар ма?<br>-Сендер әділ бола аласыңдар ма? | қосады. Жалпылама жұмыс. Балалар педагогпен бірге ватманға бейнеленген жиынтықты толықтырады.<br>Педагог әліппе-дәптердегі тапсырманы орындауға шақырады.<br>Балалармен жеке-жеке жұмыс істейді.<br>Балалар: Суретке қарап, қайсы өсімдіктің ауру, қайсысының сау екенін анықта. Өсімдікті қалай емдеуге болады?<br>Суреттерді қарап шық.<br>Өсімдіктердің адам үшін маңызы жайлы айтып бер.<br>Үйіңде өсіп тұрған бөлме гүлінің суретін сал.<br>Балаларды дидактикалық ойын ойнауға шақырады: **«Не болар еді…»**<br>Балалар ойды аяқтайды.<br>Сұрақтарға жауап береді.<br>Егер өсімдікті қараңғы жерге қойса не болар еді?<br>Егер өсімдікке су құюды ұмытып кетсе не болар еді?<br>Егер өсімдікке уақтылы су құйып, топырағын қопсытып, қоректендіріп тұрса не болар еді?<br>**3.Қорытынды кезең (рефлексия)**<br>Педагог ҰОҚ-ны қорытындылайды. Содан соң балаларды ынталандырады.<br>**2.Мүсіндеу** | сұрақтарға жауап беруге дағыландыру. Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру.<br>**1. Ұйымдастыру кезеңі**<br>**Шаттық шеңбері**<br>*Кел, балалар, күлейік,*<br>*Күлкіменен түлейік.*<br>*Күлкі көңіл ашады,*<br>*Күліп өмір сүрейік!*<br>**2. Негізгі кезең**<br>- Балалар, «әдептілік» деген сөзді қалай түсінесіңдер?<br>- Әдептілік деп үлкенді сыйлау, кішіге қамқор болу, тазалықты сүю, достарын ренжітпей ойнау, қиын кезде көмектесуді айтамыз.<br>- Бүгін біз Ермек Өтетілеуұлының «Әдептілік әлемі» өлеңімен танысамыз.<br>- Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру<br>Айырықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді.<br>*Қарсы ал ерте күн көзін*<br>*Төсегіңді жина өзің.*<br>*Асықпай іш тамақты,*<br>*Жина аяқ-табақты.*<br>**Сұрақ-жауап:**<br>- Өлең қалай аталады?<br>- Өлең сендерге ұнады ма? |



Scanned with ACE Scanner

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| *ОЙ – ОЙ – ОЙ – замахал рукой*<br>*ОЙ – ОЙ – ОЙ – я ударился ногой*<br>**Д/Игра «Путаница»**<br>Педагог называет одну часть тела, а показывает совсем другую часть тела.<br>Знакомство с новыми словами.<br>**Билингвальный компонент:** айна – зеркало, сабын – мыло, тарақ – расческа.<br>**И/У «Посмотри и запомни».** Педагог показывает предмет: это расческа. Расческой расчесывают волосы. Это зеркало. В зеркало смотрятся. Это мыло. Мылом моются.<br>Дети рассматривают предметы личной гигиены, запоминают, проговаривают индивидуально и хором. **Физминутка**<br>*Ручками похлопали, Ножками потопали,*<br>*На носочки встали, Головой кивнули,*<br>*Глазками все поморгали,*<br>*Носиками посопели и все дружно сели.*<br>**Р/Игра «Эхо».** Взяв в руки зеркало, педагог говорит, а дети повторяют: Я смотрю в зеркало<br>Я (имя ребенка) смотрю в зеркало У меня глаза зеленые. У меня глаза (называют свой цвет) У меня волосы длинные, черные. У меня волосы | - бүктеу сызықтарын мұқит саусақтарымен сындыру, екінші рет бүктеу;<br>-басқа түсті қағаздан жұлдызшалар, дөңгелектер қиып, өз ұшақтарын әшекейлеуді ұсынады;<br>-шарлар, парашюттер қиып жапсырады.<br>**Сергіту сәті**<br>*Ұшып келем,ұшып келем көгімде,*<br>*Ұшып келем мөлдір аспан төрінде.*<br>*Көкте ұшып қызығамын жердегі,*<br>*Сонау, сонау өзім ұшқан өңірге.*<br>*Қане, қанат жазайық,*<br>*Ұшақ боп ұшайық.*<br>*Ұшып - ұшып алайық.*<br>*Орнымызға қонайық.*<br>Балалар жұмысқа кіріседі. Педагог жеке жұмыс жүргізеді.<br>**3. Рефлексия.**<br>Педагог балалардың жұмыстарына талдау ұйымдастырып, қорытынды жасайды.<br>**3.Сурет**<br>**Тақырыбы:** Құмыра.<br>**Мақсаты:** құмыра туралы білімдерін жетілдіру, | -Сендер әділ бола аласыңдар ма?<br>-Бір-бірлеріңе достықтарыңды қалай білдіресіңдер?<br>**«Достық» ағашын жасау.**<br>Ұжымдық жұмыс.<br>(түрлі түсті картондар, желім, қайшы, сүрткіштер)<br>Қызыл, сары түспен 2 топқа бөлеміз.<br>**Рефлексия** «Дос болайық, бәріміз» әнін орындау.<br>Көзімізді жұмып, еркін жайғасамыз. Бүгінгі күннен алған жақсы сөздерді ,ойларды жүрегімізге жеткізіп, көкейімізге түйіп алайық.<br>Көзімізді ашайық. Рахмет.<br>4.**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** «Күшті, батыл және үлкен боламын!»<br>**Мақсаты:**Оң және сол қолмен алысқа лақтыруға үйрету, қолды айналдырып алдымен төмен түсіріп, сонан соң көтеріп, түзу ұстап артқа жіберіп барып лақтыру шеберліктерін дамыту.<br>**1.Ұйымдастыру кезеңі**<br>**Ойын жаттығуы: «Тыңда, орында».** Бастаушы 1-2 қимылды көрсетеді, бірақ түсіндірмейді. Ал балалар | **2.Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы:**Жайылымдағы түйе.<br>**Мақсаты:**әдемі түйенің мүсінін ермексазбен жасай білу әдіс тәсілдерін үйрету.<br>1.Ұйымдастыру кезеңі.<br>– Балалар, төлдердің даусын естеріңе түсірдіңдер ме? Енді ойын ойнап көрейік.<br>**«Төлдерді қалай шақырады?» ойыны.**<br>– Кәне, айтыңдаршы, қой қозысын қалай шақырады?<br>– Ешкі лағын қалай шақырады?<br>– Жылқы құлынын қалай шақырады?<br>– Түйе ботасын қалай шақырады?<br>– Сиыр бұзауын қалай шақырады?<br>**2.Негізгі кезең.**<br>Педагог балаларға жайлауға саяхатқа шығуды ұсынады, жайлау туралыәңгімелеседі.<br>– Жайлауға барғанда не көрдіңдер? Онда кімдер тұрады?<br>– Балалар, жайлауға жеткенше шөлдеп қалдыңдар ма?<br>– Кім не ішкісі келеді?<br>– Үй жануарлары бізге пайдасы бар қандай сусындар береді? | - Өлеңде не туралы айтылған?<br>- Асты қалай ішу керек? (Асықпай ішкен ас сіңімді болады).<br>- Ас ішкен соң не істеу керек? (Ыдыс-аяқты жинаймыз).<br>- Әдепті бала деп қандай баланы айтамыз?<br>**Сергіту сәті**<br>*Көшелерден біз өткен,*<br>*Ата көрсем, жақын кеп,*<br>*Сәлем берем ізетпен.*<br>*Алдан әже жолықса,*<br>*Бөгелем де әдейілеп,*<br>*Сәлемдесем сол тұста:*<br>*«Есенсіз бе, әжей?» – деп.*<br>**Дәптермен жұмыс:**<br>- Суретте не бейнеленген?<br>- Баланың әрекетін ретімен ата.<br>- Суретте саған не ұнады? Өз ойыңды айт.<br>- Бала кімге кездесті? Ол қандай әрекет жасады?<br>- Бала қолындағы допты кімге ұсынды?<br>- Сен болсаң қандай әрекет жасар едің?<br>Есіңе сақта: «Адам әдебімен көрікті».<br>**3. Қорытынды бөлім.**<br>**Рефлексия** |



Scanned with ACE Scanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (короткие, цвет) Я расчесываюсь расческой.<br>У меня нос маленький. У меня нос (большой)<br>Я мою руки мылом.<br>У меня шея длинная. У меня шея (короткая)<br>Работа в азбуке-тетради Задание №1<br>–Рассмотри картинки.<br>Расскажи, что делает Амина. Для чего ей нужны расческа и зеркало? Что делает Эмир? Для чего ему нужно мыло?<br>Амина смотрит в зеркало и расчесывает волосы. Эмир моет руки мылом.<br>3.Рефлексия<br>Педагог подводит итог, поощряет детей. Просит рассказать, что сегодня на занятии понравилось.<br>**4.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** «Менің үйім»<br>**Мақсаты:** Допты сапта тұрып кеуде тұсынан алысқа лақтыруға жаттықтыруды жалғастыру, допты алдыға, жоғары лақтыра білу шеберліктерін (машықтарын) дамыту. Әртүрлі жүгіру түрлерінің дұрыс техникасын үйретуді жалғастыру.<br>**1.Ұйымдастыру кезеңі**<br>Саусақ гимнастикасы: «Менің үйім» | құмыраны сала білуге үйрету.<br>**1.Ұйымдастыру кезеңі.**<br>Құмыраны салып болғаннан кейін қылқаламмен бояуды үйретіп, бояу кепкен соң, құмыраны ою-өрнекпен әшекейлейді.<br>**2.Негізгі бөлім**.<br>Енді құмыра туралы мәліметті мұқият тыңдап алайық. Ол үшін «Сәлеметсіңдер ме, балалар! Маған сендердің көмектерің керек. Достарым менен су құятын ыдыс қалай аталады деп сұрады, ал мен жауабын білмеймін. Сендер маған сол ыдыстың суретін салып бере аласыңдар ма?»<br>– Балалар, көмектесеміз бе?<br>– Қолымыздан келе ме? Онда құмыраның суретін салып көрейік. Мойны жіңішке, ұстайтын сабы болады екен, ретімен салайық, Алдымен қағаздың ортаңғы бөлігіне дөңгелек салып аламыз, ал оның астыңғы бөлігіне салынған көлемі екі есе кіші жарты дөңгелекті үлкен дөңгелек жаққа | ол қимылдарды ретімен қайталайды.<br>2.**Негізгі кезең**<br>І.Қ Республикасының ауыр атлетші спортшылардың суреттерін көрсетіп, олармен таныстырады. Осы спортшылар тәрізді мықты болу үшін, спортпен айналысу қажеттігін айтады. Бастаушы 1-2 қимылды көрсетеді, бірақ түсіндірмейді. Ал балалар ол қимылдарды ретімен қайталайды.<br>*«Жаттығуды бастаймыз – бір!*<br>*Аяғыңды алшақ бас – екі!*<br>*Тоқтамай жаса – үш!*<br>*Күлімдейді күн. Тамаша!*<br>*Мықты, күшті болайық біз!»*<br>Бір, екі тізбекпен жүру. Қозғалыс үстінде бір тізбектен екі тізбекке сап түзеп жүреді.<br>**ІІ.Ырғақты гимнастика**<br>Педагогтің нұсқауларын зейін қойып тыңдап, жаттығуларды орындау барысында дене бітімдерін түзу ұстауға тырысады, тыныстарын кідіртпей, жаттығуларды ырғақпен орындайды.<br>**Негізгі қимыл-қозғалыстарды** | – Ал, балалар, сендерге жұмбақ жасырсам, жауабын айта аласыңдар ма?<br>**Жұмбақ**<br>Үстінде екі тауы бар,<br>Кезікті бір жануар.<br>Ол не?<br>–Балалар, сендер түйенің сүтінен қандай сусын жасайтынын білесіңдер ме?Түйенің сүтінен шұбат дайындайды. Шұбат адам денсаулығына өте пайдалы.<br>– Ал, балалар, дәптерлеріңде не бейнеленіпті, қарандаршы (шағын әңгіме жүргізеді). Балалар, сендер мүсіндеуге дайынсыңдар ма?<br>– Балалар, түйенің түсі қандай болады?<br>– Түйені қандай түсті ермексазбен жасаймыз?<br>**Педагог жасалу жолын көрсете отырып түсіндіреді:**<br>1. Ермексазды 4 бөлікке бөліп дайындаймыз. Алдымен түйенің денесін, мойнын жасаймыз.Ермексазды алақан арасына салып,сопақша пішінге келтіреміз. Осы бөліктен мойнын, өркешін шымшып созу арқылы шығарамыз. | Педагог қорытынды жасайды.<br>**3.Аппликация**<br>**Тақырыбы:** Бөлме өсімдіктері.<br>**Мақсаты:**екіге бүктелген қағазды симметриялы сызықпен кесуге, бүктеу арқылы қиюға үйрету.<br>**1. Ұйымдастыру кезеңі «Гүл дүкені» дидактикалық ойыны.**<br>Педагог алдын ала әртүрлі бөлме гүлдерінің суреттерін тақтаға іледі. Бір баланы дүкеннің сатушысы етіп сайлайды.<br>Балалар кезекпен дүкенге келеді.<br>– Алыңыз, бұл – қазтамақ гүлі.<br>– Алыңыз, бұл – сиягүл деп аталатын бөлме гүлі<br>– Сіз өте әдемі гүлді таңдадыңыз, мінеки, алыңыз.<br>– Балалар, дүкеннен қандай гүлдер сатып алдыңдар?<br>Педагог балалардан бөлме гүлдері жайлы, оның түрлері, пайдасы жайлы сұрайды.<br>Топтың ішіндегі терезенің алдында |



Scanned with ACE Scanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Тау басындағы үйді көріп тұрмын (алақандарыңды қосып, үй жасаңдар), оның айналасы жап-жасыл (қолдарыңмен толқын тәрізді қимылдар жасаңдар).<br>Мынау – ағаш, мынау – бұталар (ағаш пен бұталарды бейнелеңдер). Мынау – хош иісті гүлдер (алақандарыңмен гүлдің қауызын жасаңдар). Үй қоршаумен қоршалған (ауада саусақтарымен ирек сызықтар сызады).<br>Аула іші тап-таза (ауаны сипалаңдар), қақпаны ашамыз (қақпаны ашқан тәрізді бейнелейді).<br>Үйге қарай жүгіреміз (саусақтар «жүгірді»), есікті қағамыз: (жұдырықпен): тық-тық-тық.<br>Есікке кім жақындап келе жатыр?<br>**2.Негізгі кезең**<br>**Негізгі қимыл-қозғалыстарды орындау:**<br>Допты сапта тұрып кеуде тұсынан алысқа лақтыруға жаттықтыруды жалғастыру, допты алдыға, жоғары лақтыра білу шеберліктерін (машықтарын) дамыту.<br>Бір тізбеке сап түзеп тұрып, текшелерді қойып, қолдарына доп алады.<br>Екі тізбек немесе екі сапқа тұрып, бастапқы қалып | қаратып сабақтастырамыз. Енді құмыраның мойнын жасау үшін ұзын тік төртбұрышты үлкен дөңгелектің үстіңгі бөлігіне орналастыру. Құмыраны ұстайтын сабын саламыз. Пішіндерді орналастырып алғаннан кейін, үлгіге қарап,<br>жоғарғы су құйылатын бөлікті сүйірлейміз.<br>Құмыраны салып болғаннан кейін қылқаламмен бояуды бастаймыз. Бояу кепкен соң, құмыраны ою-өрнекпен әшекейлейміз. Үлгіге қарай отырып құмыраны әшекейлеуге бағыт беріледі.<br>**Сергіту сәті**<br>*Сағаттың тіліндей,*<br>*Иілеміз оңға бір.*<br>*Сағаттың тіліндей,*<br>*Иілеміз солға бір.*<br>*Оң аяқ, сол аяқ.*<br>*Оң аяқ, сол аяқ,*<br>*Жаттығу оңай-ақ!*<br>Балалар жұмыстарын жалғастырады. Педагог балалармен жеке жұмыс жүргізеді.<br>**3. Рефлексия**<br>ҰО қызметі қорытындыланады. | **орындау:**Оң және сол қолмен алысқа лақтыруға үйрету, қолды айналдырып алдымен төмен түсіріп, сонан соң көтеріп, түзу ұстап артқа жіберіп барып лақтыру шеберліктерін (машықтарын) дамыту.<br>Лақтыру барысында қауіпсіздік техникасын сақтайды. Сызылған сызық бойына екі қатарға сап түзеп тұрады. Допты дұрыс ұстау қалпы: үш саусақпен доптың арт жағынан, бас бармақ және шынашақпен доптың екі жағынан ұстайды. Допты алысқа лақтыруға тырысады.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны: «Орныңды тап!» ( 4 рет).**<br>«Орныңды тап!» бұйрығы бойынша түрлі бастапқы қалыптарға тұра қалады: малдас құрып отырады, өкшемен отырады, тізерлеп тұрады.<br>Зал ішінде модульдерге соқтықпай еңбектеп жүреді.<br>«Орныңды тап!» бұйрығы бойынша түрлі бастапқы қалыптарға тұра қалады.<br>**Көзге арналған гимнастика.**<br>Жаттығуларды ретімен орындайды. Көздерді оңға- | 2. Басы, мұрнын, құлағын жасаймыз. Ермексазды шар тәрізді<br>домалақтап, бастың пішініне келтіріп, мұрнын, құлағын шымшып созу арқылышығарамыз.<br>3. Ақ және қара ермексаздан көзін жасаймыз.<br>4. Дайын болған бөліктерді шымшып жапсыру арқылы түйенің<br>мүсінін толықтырамыз.<br>– Енді бәріміз сергіту сәтін жасап, сергіп алайық.<br>Педагог балалармен бірге лақ болып секіріп, қозы болып ойнақтап,<br>бұзауболып ары-бері секіреді.<br>**3.Рефлексия**.<br>Педагог оқу қызметін қорытындылап, балаларды мадақтайды.<br>–Үйден ата-аналарыңның көмегімен мынадай өлең жолдарын жаттап<br>Келіңдер. (өлең мәтінін таратып береді).<br>*Ең зор түлік – түйемін,*<br>*Тікенді шөпті сүйемін.*<br>*Пайдалансаң, сүтім – шұбат,*<br>*Дертке – дауа, жанға – қуат.*<br>*Құ тышқанға алдандым,*<br>*Жыл басынан құр қалдым.*<br>**3. Қауіпсіз мінез құлық**<br>**Тақырыбы:** Табиғаттағы қауіпсіздік ережелері. | тұрған гүлдерге назар аудартады.<br>– Неліктен бөлме гүлдерін бөлмеде өсіреміз, оның қандай пайдасы бар?<br>– Гүлді қалай күтіп-баптау керек?<br>**2.Негізгі кезең**<br>– Балалар, бөлме гүлдерінің де басқа өсімдіктер сияқты тамыры,сабағы,күлтелер болады. Гүлдер суғаруды, түбін қопсытуды, жапырағының шаңын сүрту сияқты үлкен қамқорлықты қажет етеді. Бүгін біз сендермен бірге бөлме гүлін жапсырамыз.<br>Балалардың назарын 29-беттегі 11-ші сюжетті сурет үлгісіне аудартады.<br>**Педагог балаларға жапсырудың жолдары мен техникасын көрсетеді.**<br>1. 39-шы беттегі 11.2-тапсырмадағы құмыраның суреті салынған бөлігін қиып алып, оны ортасында көрсетілген |



Scanned with ACE Scanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бойынша тұрады. Лақтыру бағытын сақтайды және допты алысқа лақтыруға тырысады.<br>Тепе-теңдік: орындық үстінде жүру (ені – 20 см, биіктігі – 30 см): орындықтың ортасына дейін жүріп келіп отыру, орнына тұрып, одан әрі жүру.Бір-біріне кедергі келтірмеуге тырысады, бастарын төмен түсірмей және алдыға қарап жүреді.<br>Бір-бірінен 50 см арақашықтықта жатқан таяқтардан бір бүйірмен секіру.<br>Жерде жатқан құрсауды айналып, өзінің тізбегіне қайтып келеді.<br>Жеңіл секіреді, тыныс алуды кешіктірмеуге тырысады. Екі аяқтарын ширақ серпіп секіреді.<br>Қолмен аяқты үйлестіріп қозғайды.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қоңыраулы соқыртеке».** Қол созым арақашықтықты ұстап, шеңбер бойында отырады.<br>Шеңбер ортасында екі бала тұрады. Бір баланың көзі байланады, ал екінші баланың қолына қоңырау ұстатылады.<br>Қоңыраулы бала қашады, көзі байланған<br>бала оны ұстауға тырысады.<br>Балалар ортаға екі-екіден шығып ойнайды. | Педагог балаларды мадақтайды.Балалар жұмыстарына қарап, баға береді. Ата-аналарға көрме ұйымдастырылады.<br>**<u>4.Вариатив Ертегілер әлемінде</u>**<br>**Тақырыбы:**«Қане досым, сөзге қосыл»<br>**Мақсаты:** Ойын арқылы кейіпкерлердің рөлін таңдай отырып, балалардың қызығушылықтарын арттыру. | солға, солдан оңға қарай қозғалту;<br>Көз қарашығын көкке одан төменге қарату; Сағат тілі бойымен көзді айналдыру; Тез арада көзді ашып-жұму; Көздерді сол жақ астыңғы бұрыштан оң жақ үстіңгі бұрышқа қарату. Дәл солай, бірақ енді керісінше жасау. *Әрбір жаттығуды кемінде 6 рет қайталау қажет.*<br>3.**Қорытынды кезең (рефлексия).**<br>«Бүгін менің үйренгенім...». Сөйлемді аяқтап, әңгімелеу ұсынылады. | **Мақсаты:** балаларды табиғаттағы қауіпсіздік ережелерімен таныстыру.<br>**1.Ұйымдастыру кезеңі. Шаттық шеңбері**<br>**2.Негізгі кезең.**<br>– Суретте не көріп тұрсыңдар?<br>– Суретте табиғаттың бір көрінісі бейнеленген. Біздің еліміздің табиғаты өте сұлу.Сондықтан оны қорғау керек.<br>Сонымен қатар табиғат аясында түрлі қауіпті жағдайлар болады. Серуен немесе саяхат кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау керек.<br>Педагог:<br>– Балалар сендер орманда жүру ережесін білесіңдер ме?<br>Балалар:– Орманда шуламау керек.<br>– Бір-бірінен қалмай жүру керек.<br>– Айғайлап өлең айтпау керек, себебі құстар, аңдар шошып кетеді.<br>– Бұтақтарды сындырмау керек.<br>– Құстарды өлтірмеу керек.<br>– Орманға қоқыс тастауға болмайды.<br>– Міне, балалар, орманға да келіп жеттік. Орманның ауасы қандай таза? | сызық бойынша екіге бүктеп кию<br>керек.<br>2. Жасыл түсті гүлді де дәл осылай қиямыз.<br>**Сергіту сәті. «Шебер және батыл» саусақ жаттығуы.**<br>– Балалар, саусақтарыңды бүгіп, алақандарыңды бір-біріне үйкелеп, ашыпжұмыңдар, жаттығуды қайталаңдар.<br>3. Дайындаған бөліктерді 30-беттегі 11.1-үлгіге орналастырамыз.<br>4. Құмыраның сыртына сары гүлді қиып алып жапсырамыз.<br>Балалармен жеке жұмыс жүргізеді.<br>**3.Рефлексия.**<br>Педагог оқу қызметін қорытындылап, балаларды мадақтайды. Балалармен жұмысты талдайды.<br>– Балалар, қандай әдемі бөлме гүлін жасадыңдар<br>**<u>4. Вариатив Өнерлі екен он саусақ</u>**<br>**Тақырыбы**:Үйрек<br>**Мақсаты:**Тұзды қамырды ұқыпты |

Scanned with ACE Scanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **«Жақсы-жаман».** Шеңбер бойына отырып, жағдаятты бағалайды.<br>«Әр баланың үйі – оның басты орны» деген сөздің мағынасын түсіндіреді.<br>**3.Қорытынды кезең (рефлексия).** Қай жаттығулар қиындық тудырғанын ортаға салады. | | | Ауамен аздап дем алайықшы. Таза ауада дем алған қандай жақсы!(Мұрынмен тыныс алу жаттығуларын жасату).<br>– Балалар, бұлар зиянды жәндіктер өте қауіпті, сондықтан олардың шағып алуынан сақтанып жүру керек.<br>**Сергіту сәті.**<br>**Әліппе-дәптермен жұмыс**:<br>1. Қауіпсіздік ережелері сақталмаған суреттерді белгіле.<br>**3.Рефлексия.**<br>– Балалар біздер қай жаққа серуенге бардық?<br>– Табиғаттағы қауіпсіздік ережелерін еске түсірейікші?<br>– Табиғатта бәрі өзара байланысты, үйлесімді және келісімділікте тіршілік етеді. Адам – табиғаттың бір бөлігі. Табиғатты қорғау керек. Сондықтан табиғатты аялап, сақтау қажет және табиғат аясында серуендеу кезінде қауіпсіздік ережелерін ұмытпаған дұрыс<br>**4. Логика**<br>**Тақырыбы:** Ойна да ойлан!<br>**Мақсаты :** Балаларды есте сақтау қабілеттерін қызықты жаттығулар арқылы арттыру. Логикалық есептер шығару арқылы ойлау қабілетін,ұзын,қысқа,биік,алас | пайдалану. Қол икемділіктерін арттыру. |



Scanned with ACE Scanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | а ұғымдарын бекіту, байқампаздығын сабаққа қызығушылығын дамыту. | |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды ,киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. | Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. | Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. | Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. | Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. |
| **Серуен** | **Бақылау: Жәндіктерді бақылау**<br>**Мақсаты:** Күзде жылы жаққа ұшқан құстарды бақылату.<br>**Еңбек:** Бөлме гүлдерін суару.<br>**Қимылды ойындар:** «Құс болып ұшамыз»<br>Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері | **Бақылау:Күз мезгілінде желді бақылау**<br>**Мақсаты:** Күз мезгіліндегі желдің салқын болатынын айту. Балалардың тілін дамыту, әңгімелеу арқылы.<br>**Еңбек:** Учаскедегі шашылған қағаздарды жинау.<br>**Қимылды ойындар:** «Күн мен түн»<br>Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері | **Бақылау: Құмдағы іздерді бақылау.**<br>**Мақсаты:** Учаскелердегі құмдағы іздердің кімнің ізі екенін айыра білуге үйрету. Өз іздерін бір-бірімен салыстыру.<br>**Еңбек:** Құм салғыштағы құмды күрекшелерімен көтеру.<br>**Қимылды ойындар: «Тышқан мен мысық»**<br>Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері | **Бақылау: Ағаштардан желмен ұшып түсіп жатқан жапырақтарды бақылау**<br>**Мақсаты:** Жапырақтардың ағаштардан қалай түскенін бақылап, әдемі жапырақтардың айналаға қалай сән беріп тұрғанын әңгімелету.<br>**Еңбек:** Шашылған жапырақтарды ұшып келген қағаз қалдықтарын жинау.<br>**Қимылды ойындар:** «Тақия тастамақ»<br>Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері | **Бақылау.**<br>**Күзгі ауа-райындағы өзгерістерді бақылау.**<br>**Мақсаты**:Балаларға күз мезгілі туралы әңгімелеу. Күзгі ауа-райын жазғы ауа-райымен салыстыру,күздегі өзгерістерді айтқызу.<br>**Қимылды ойын:«Поезд»**<br>**Мақсаты**:балалардың бірінің артына бірі тіркеліп тұрып поезд сияқты жүруге үйрету. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Ата- аналарға балалары туралы жеке гигенасы туралы ескерту. | Киім салатын шкафтарын жинау. Үйге қайту. | Серуенге шығу. Үйге оралу, үйлеріне сұрану. | Еркін ойындар. Үйге сұрану. Ата – аналарына табыстау. | Еркін ойындар. Ата – аналары на табыстау. |



Scanned with ACE Scanner

# ЦИКЛОГРАММА.

## Қараша айы.

Өтпелі тақырып:«**Дені саудың жаны сау**» Мерзімі:22.11.-26.11.2021

| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау Ата-аналар әңгімелесу Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б. )** | Балаларды қабылдау Демалыс күндерін қалай өткізгендерін сұрау. Тазалық шараларын жүргізу.Еңбек тапсырмасы:Гүлдердіңшаңын сүрту«Мен өскенде кім боламын?» деген сұраққа жауап алу.Д/о:Бұл құрал қай мамандық иесінікі? | Суретке қарап әңгімеге тарту «Кім жоқ?» ойыны. Балаларға мамандықтар суреті көрсетіледі. Көздерін жұмуды ұсынып, бір суретті жасырады. Қандай мамандық жоқ екенін табады. | Д/о «Суреттерді орналастыр» «Балабақша қызметкерлері» тақырыбында әңгімелесу Мақсаты:үлкендердің еңбектерін бағалауға үйрету Еңбек тапсырмасы: Табиғат бұрышын жинастыру, балықтарға жем беру. | Ата аналары қандай маман иесі екенін әңгімелесу Сурет бойынша әңгіме құрастыру, жұмбақ шешу. Д/о:«Заттарды ажырат» Еңбек тапсырмасы:Кітап сөрелерін сүрту. | Үстел үсті қысқыштармен ойналатын ойын «Балабақшада кім еңбек етеді» тақырыбында мазмұнды суреттер ұсыну.Еңбек тапсырмасы: Ойыншық сөрелерін жинау,сүрту,сынған ойыншықтарды қоқысқа тастау. |
| | Жаттығулар кешені №4 | | | | |
| **Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ)** | Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар | | | | |
| | **«Достық». саусақ ойын жатығуы Мақсаты**: балалардың саусақ маторикасын дамыту, ересектің нұсқауы бойынша қимылдар жасауға үйрету | **Құрылыс ойындары**: «Балабақша» құрастырып ойнау, тату ойнауға үйрету | **«Әуе шарлары» дидактикалық ойын** Мақсаты: түстерді танып ажыратуға баулу | **Саусақ ойыны:** Саусағымда сақина Санап көрші кәнеки 1,2,3 Бір, екі үш Демалайық жинап күш. | **«Сөйлемей көрейікші» ойыны (үндемес)** |
| **Кесте бойынша ҰОҚ** | **<u>1.Сөйлеуді дамыту</u>** Тақырыбы: Әжесін қайсысы жақсы көреді? (М.Төрежанов). **Мақсаты:** Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ойын барысында бекіту. **Ұйымдастыру кезеңі Шаттық шеңбер** – Балалар, кімнің анасы немесе әкесі дәрігер? – Егер сен ауырып қалсаң, анаң емдейді ме? – Балалар, «дәрігерлерді ақ халатты абзал жандар», – деп айтады. Көптеген кісілердің | **<u>1.ҚМҰҚ</u>** **Тақырыбы:** Дөңгелек және сопақша. **Мақсаты:**дөңгелек және сопақша фигуралар туралы ұғым қалыптастыру. **1.Ұйымдастыру кезеңі** Педагог балаларға геометриялық пішіндерден – дөңгелек және сопақшадан құрастырылған суреттерді қарауды ұсынады. –Моншақтар неден құрастырылған? –Осы пішіндердің қалай | **<u>1. Сауат ашу</u>** **Тақырыбы:** "Ң" дыбысы **Мақсаты:** "Ң" дыбысымен таныстыру. **1. Ұйымдастыру кезеңі** – Балалар, бүгін бақшаға келе жатып, қолында сиқырлы таяғы бар сиқыршыны көрдім. Ол маған сиқырлы таяғын берді (әдемі таяқшаны көрсетеді). Ол маған: «Осы таяқшаның көмегімен балаларды Орманға саяхатқа апар», – | **<u>1.Жаратылыстану</u>** **Тақырыбы:** Тұқымнан не өсіп шығады? **Мақсаты:**Балалардың өсімдіктердің көбею тәсілдері, оның өсуіне кері әсер ететін белгілі бір жағдайлар, өсімдіктің өсу және дамуының негізгі кезеңдері туралы түсініктерін кеңейту. **1.Ұйымдастыру кезеңі** Педагог **«Қандай өсімдік екенін тап»** атты ойынның | **<u>1.Сауат ашу</u>** **Тақырыбы:**"Ң" дыбысы **Мақсаты:**"Ң" дыбысыментаныстыру. **1. Ұйымдастыру кезеңі Шаттық шеңбері.** **2. Негізгі кезең** – Бүгінгі оқу қызметінде "н" дыбысын қайталаймыз. – "Ң" дыбысы қай дыбысқа жатады? – Дыбыстарды не істейміз ? "Ң" дыбысы қазақтың төл |



Scanned with ACE Scanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | өміріне араша түсетін мамандар. Дәрігерлер туралы М.Төрежанов ағаларың да әңгіме жазған. Ол кісінің балаларға арналған қызықты әңгімелері көп. Атап айтатын болсақ, "Ана алғысы", "Үш дос", "Адал дос", "Біз де ойнаймыз", "Шие тергенде" деген әңгімелері бар. Дәрігер туралы "Әжесі қайсысы жақсы көреді" әңгімесін мәнерлеп оқып беремін:<br>Педагог: Сұрақтар қою арқылы балалардан әңгіме мазмұнын түсінген, түсінбегенін біледі.<br>– Балалар, әңгіме сендерге ұнады ма?<br>– Балалар, әңгімеде кімдер жайлы айтылған?<br>– Олар әжелерін жақсы көре ме екен?<br>– Әжесі ауырып қалғанда дәрігерді көмекке кім шақырды?<br>– Әжесіне дәрігер көмектесті ме?<br>– Көрдіңдер ме, балалар, дәрігерді дер кезінде шақырып, әжесін аман алып қалған Болаттан үлгі алыңдар.<br>Сөздік жұмыс:<br>Жедел жәрдем алғашқы медициналық көмек екенін айтып өтеді.<br>Педагог: Балалардан әңгіменің мазмұнын бірін-бірі | аталатынын білесіңдер ме?<br>Балалар суретті талқылап, таныс пішіндерді атайды.<br>**2.Негізгі кезең**<br>1-тапсырма орындайды.<br>Саусақтарыңмен пішіндердің үстінен жүргізіңдер.<br>Ұқсастығын және айырмашылығын айтыңдар.<br>2-тапсырма. Педагог пішініне сәйкес үйлесімді кілемшелерді жапсыруды ұсынады.<br>**Сергіту сәті**<br>«**Көліктерді гаражға кіргізу**» **дидактикалық ойыны.**<br>Балаларға геометриялық фигуралар таратылады.<br>Балаларға ойын ережелері түсіндіріледі.<br>Өздерінді мәшинемін деп елестетіңдер, ал геометриялық пішіндер – «мәшинелердің нөмірлері», «гараждар» – белгілер – геометриялық фигуралар бейнеленген орындықтар. Белгі бойынша «мәшинелер» топ бойынша жүріп өтіп, гаражға «кіреді».<br>«Мәшинедегі» гометриялық фигура «гараждағы» фигурамен бірдей болуы тиіс.<br>Орындықтардың орындары ауыстырылады.Ойын қайталанады.<br>3-тапсырманы орындауды ұсынады. | деді.<br>– Кәне, сендер саяхатқа барғыларың келе ме?<br>**2. Негізгі кезең**<br>– Балалар, көздеріңді ашыңдар,сендер орманнан не көріп тұрсыңдар?<br>– Оларды бір сөзбен не деп атаймыз?<br>– "Аң" сөзін шапалақтау арқылы буынға бөлейікші?<br>– "Аң" сөзінде "Ң" дыбысы қай дыбыстан соң тұр?<br>–"А"дыбысы дауысты дыбыс па әлде дауыссыз ба?<br>– Ал, балалар, қолымызға қолайнаны алып ң дыбысын айтып көрейік.<br>– "Ң" дыбысын айтқанда тіліміз таңдайымызға тиіп, кедергімен шығып тұр. Сондықтан "ң" дыбысы дауыссыз дыбыстарға жатады, көк текшемен белгілейміз.<br>– "Ң" дыбысы қай дыбысқа ұқсайды?<br>"Н" мен "Ң" дыбыстарын жеке-жеке дыбыстату арқылы айтылуына көңіл аудару.<br>Бір қатарға "Ң", екінші қатарға "н" дыбысы бар сөздерді ойлап айтуды тапсыру.<br>**Сергіту сәті:**<br>*Көлбең-көлбең көлеңкем,* | көмегімен алдағы жұмысқа қолайлы эмоционалдық жағдай қалыптастырады.<br>Мақсаттары: балалардың затты суреттеу және оларды суреттемеге қарай тану қабілеттерін дамыту.<br>Балалардың бірі өсімдікті суреттейді.<br>Басқа балалар оның қандай өсімдік екенін табады. Сабаққа қызығушылық танытады.<br>*Педагог «Миға шабуыл» әдісін қолданады.*<br>Педагог үдеріске жетекшілік етеді және балалардың идеяларын бақылайды. Бірақ пікірталасқа араласпайды. Ол идея тастау үшін ойынға жалпы негізде қосылып, ойын талаптарын сақтауы тиіс. Берілген сұраққа әр бала қысқаша жауап береді.<br>«Тұқымнан не өсіп шығуы мүмкін?» сұрағына жауап береді, алдында айтылған жауаптарды қайталамауы **2.Негізгі кезең** | дыбыстарының бірі, оны таза, дұрыс айтып үйренуіміз керек.<br>**["Ң"] дыбысына жаттығу:**<br>*Мұрынды ұрып үнменен,*<br>*"Ң"-ды айтсаң болар "н" деген.*<br>*Қазақша сөйлей алмайды,*<br>*"Ң"-ды айта білмеген.*<br>*Мен жүремін тыңда да,*<br>*Іңірде де мен бармын.*<br>*Мен отырам шыңда да,*<br>*Сіңірде де мен бармын.*<br>*"Ң" аяқтар мыңды да,*<br>*"Ң" аяқтар заңды да.*<br>*"Ң" аяқтар аңды да,*<br>*"Ң" аяқтар маңды да.*<br>**Сергіту сәті:**<br>*Орнымыздан тұрайық,*<br>*Белімізді жазайық.*<br>*Жоғары-төмен қарайық,*<br>*Солға-солға түзу тұр.*<br>*Оңға-оңға түзу тұр,*<br>*Алға қарай бір адым,*<br>*Артқа қарай бір адым,*<br>*Бойымызға күш жинап,*<br>*Бір демалып алайық.*<br>**Дидактикалық ойын: "Орамал тастамақ".**<br>Ойын шарты: педагог өтілген дыбыстар бойынша дыбысты айтып балаға орамал лақтырады. Бала сөз ойлап тауып, қайта педагогке лақтыруы |



Scanned with ACE Scanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жалғастырту арқылы сұрайды.<br>**Сергіту сәті:**<br>Қатты нөсер басылды,<br>Күн жарқырап ашылады.<br>Неше түрлі әдемі<br>Кемпірқосақ жасалды.<br>**Дидактикалық ойын:**<br>**«Дауысты дыбыстарды ата».**<br>**Ойын шарты:**<br>Педагог дыбыстарды айтып отырады, балалар дауысты дыбыс кездессе, қолдарын шапалақтайды. Дауыссыз дыбыс кездессе, тыныш отырады.<br>**Дәптермен жұмыс.** Дәптердегі бойынша тапсырма орындалады.<br>**Мақал-мәтелдерді қайталау.**<br>1.Анаға бала алтыннан да қымбат.<br>2.Жаны саудың – тәні сау.<br>3.Ата – балаға сыншы.<br>4.Ата – бәйтерек,<br>Бала – жапырақ.<br>Тіл жаттықтыру.<br>Педагог **жаңылтпашты** қайталатады.<br>Шеше, неше кесе сынды кеше?<br>– Міне, балалар сендер жедел жәрдем дәрігерлерінің жұмысымен таныстыңдар.<br>3. Қорытынды бөлім. Рефлексия<br>– Бүгінгі тыңдаған қызықты әңгіменің авторы кім?<br>– Автордың басқа қандай әңгімелері бар екен? | Тапсырманы оқып, оны орындауға уақыт береді.<br>**Фигураның қасиеттерін –** өлшемін, түсін және пішінін айтуға ынталандырады.<br>Әр суретке орын тауып жапсыруларын өтінеді.<br>«**Не өзгерді?» дидактикалық ойыны.**<br>Педагог балаларға фигуралардың орналасуын есте сақтауды ұсынады.<br>Олардан көздерін жұмуды сұрап, бір фигураны алып тастайды.<br>1-тапсырманы орындайды: пішінге сәйкес үйлесімді кілемшелерді табады. Ойынға қызығушылық танытады.<br>Педагогті мұқият тыңдайды.<br>Отбасы мүшелерінің әрқайсысының портреті қандай пішіндегі қалыпқа салынғанын анықтайды.<br>Фигуралардың атауларын хормен қайталайды: сопақша, дөңгелек.<br>Балалар ойынға қатысады: көздерін жұмады, көздерін ашып, қандай өзгеріс болғанын айтады.<br>**3.Рефлексия.**<br>Оқу қызметін қорытындылай отырып, педагог балалардан бүгін қандай жаңа фигураларды білгендері туралы сұрайды. Оларды | *Көлбеңдеген көлеңкем.*<br>*Қоңыр аю қалай жүреді,*<br>*Кім көрсете біледі.*<br>– Ал, балалар, қазір біз "аң" сөзіне дыбыстық талдау жасаймыз.<br>– "Аң" сөзінде неше дыбыс бар? "А" дыбысы дауысты ма, дауыссыз ба?<br>– Дауысты дыбысты қандай текшемен белгілейміз?<br>– Аң-ң-ң, "ң" дыбысын педагог қаттырақ айтады да, "ң" дыбысына екпін түсіп тұрғанын айтады.<br>– "Ң" дыбысы дауысты ма, дауыссыз ба?<br>– Дауыссыз дыбысты қандай текшемен белгілейміз?<br>**Дидактикалық ойын: "Буынға бөл"**<br>Педагог: Мен сендерге әртүрлі заттардың суреттерін көрсетемін. Сендер суреттерді атап, шапалақпен буынға бөлесіңдер.<br>**Саусақтарға жаттығу:**<br>*"Өнерлі екен он саусақ".*<br>*Бір саусағым тіпті де,*<br>*Ұстай алмас жіпті де.*<br>*Екі саусақ бірікті,*<br>*Ине қолға ілікті.*<br>*Үш саусағым орамды,*<br>*Жүгіртеді қаламды.* | Балаларға әліппе-дәптердегі табиғат күнтізбесіне бүгінгі ауа райын белгілеуді ұсынады.<br>Әліппе-дәптердегі тапсырмалардың көмегімен балаларды мәселені іздеуге,шешуге жұмылдырады: суреттермен жұмыс істеу,талқылау.<br>**Сергіту сәті.**<br>*Шаршағанда ырғалып,*<br>*Гүлге ұқсап демалам.*<br>*Қанатымды бір қағып,*<br>*Гүлдей болып жайқалам.*<br>**Әліппе-дәптермен жұмыс.**<br>Балаларды тәжірибе жұмысына қатысуға шақырады: **Гүлдің баданасын қалай егеміз?** (Педагог көрсетіп береді).<br>• шұңқыр жасап, таяқшаны топыраққа тығамыз және айналдырамыз;<br>• баданаы (тұқым) қазылған шұңқырға орналастырамыз;<br>•төңірегіндегі топырақты басып, нығыздаймыз, бірақ оның сабағына қатты | керек.[с, б, м, қ, о, р, ғ, н, т, а].<br>**Саусақ бұлшық еттеріне арналған жаттығу:**<br>*Көбелек боп ұшамыз,*<br>*Көгершін боп ұшамыз.*<br>*Ұшып-ұшып аламыз,*<br>*Қолға қалам аламыз.*<br>**Дәптермен жұмыс:** дәптердегі №24 тапсырма орындалады. Көмек керек балаларға педагог көмектеседі.<br>**3. Рефлексия.**<br>Педагог қорытынды жасайды.<br>– Қандай тапсырма ең қызықты?<br>**2. Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** Әдептілік әлемі<br>**Мақсаты:** Балалардың өлеңге деген қызығушылығын қалыптастыру. Өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағыландыру. Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру.<br>**1. Ұйымдастыру кезеңі**<br>**Шаттық шеңбері**<br>*Кел, балалар, күлейік,*<br>*Күлкіменен түлейік.*<br>*Күлкі көңіл ашады,*<br>*Күліп өмір сүрейік!*<br>**2. Негізгі кезең** |



Scanned with ACE Scanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **2.Музыка**<br>**3.Русский язык**<br>**Тема:** «Учимся измерять предметы»<br>**Цель**: обучение умению называть предметы по величине (большой – маленький, длинный – короткий, высокий – низкий).<br>1.**Организационный момент**<br>**Круг радости**<br>Станем рядышком, по кругу,<br>Скажем «Здравствуйте!» друг другу.<br>Нам здороваться не лень:<br>Всем «Привет!» и «Добрый день!»;<br>Если каждый улыбнется –<br>Утро доброе начнется.<br>– ДОБРОЕ УТРО!<br>Дети встают в круг. Повторяют слова за педагогом.<br>**2.Основная часть**<br>**И/Р/У: «Мяч лови и называй**:<br>Дети встают в круг. Педагог бросает мяч, называет слова на родном языке по теме прошлого заняти.<br>Дети слушают педагога, ловят мяч, называют слова на русском языке, возвращают мяч педагогу.<br>Педагог берет в руки коробку. Для того, чтобы коробка открылась, надо сказать волшебные слова:<br>Раз, два, три, четыре, пять! Мы | суреттен тауып, саусақтарымен айналдыра бастырып сызып шығуды сұрайды.<br>Ауада бейнелеу. Еденде оң аяқпен, сол аяқпен жазу.Үстелін тәртіпке келтіреді.<br>**2.Қоршаған орта**<br>**Тақырыбы:**Менің Отаным – Қазақстан.<br>**Мақсаты:**Отан туралы түсінігін кеңейтіп, білімін толықтыру.Отан туралы тілегін,<br>құрметін өз сөзімен жеткізе білу.<br>**1. Ұйымдастыру кезеңі**.<br>Үнтаспадан Е. Хасанғалиевтің орындауындағы «Атамекен» өлеңін тыңдайды. Атамекен сөзіне сөздік жұмысын жүргізеді. Атамекен – ата-бабадан ұрпаққа мұра болып қалған ежелгі құтты қоныс, мекен. Балалар да өз ойларын жеткізеді:<br>– Атамекен деп туған жерімізді айтамыз. Ол – менің атам, менің арғы бабаларым мекен<br>еткен жер. Енді сол жерде мен туып-өсіп жатырмын.<br>**2.Негізгі кезең.**<br>– Біздің Отанымыз қалай аталады?<br>– Біздің Отанымыз – | *Өнерлі екен он саусақ,*<br>*Қала салсақ, жол салсақ.*<br>**Дәптермен жұмыс:** дәптердегі №23 тапсырма орындалады.<br>Педагог көмек қажет балаларға көмектеседі.<br>**3. Рефлексия**.<br>Педагог қорытынды жасайды.<br>– Не ұнады, не қызықты болды?<br>**2.Музыка**<br>**3.ӨӨТ**<br>**Тақырып:**Бәрін жақсы көремін<br>**Мақсаты**:Бәрін жақсы көремін туралы түсіндіру сүйіспеншіліккұндылығыны ң мәнін ашу.<br>**1. Ұйымдастыру кезеңі**<br>**Шаттық шеңбері.**<br>**2. Негізгі кезең**<br>*Әңгіме «Алғыс»*<br>*М.Төрежанов №16-92 бет.*<br>М.: Қасым мен Хасен шешесіне не деді?<br>Помидорды отырғызған кімдердің еңбегі екен?<br>Шешесі күлімдеп балаларына не айтты?<br>Қ: Балалардың анасына деген қандай сүйіспеншілігін байқадыңдар?<br>Әр адамның бойында адамгершілік қасиет бар | жақындамаймыз<br>• сонан соң оған су құямыз.<br>Балалар гүлдің баданасын егеді. Балалар жапырақтарды санап, есінде сақтайды. Жаңа жапырақ шығып, бадана топыраққа тамыр жая бастады деген сөз.<br>Педагог тарапынан ұсынылған «**Кімге/неге айналамыз?**» ойынына қатысады.<br>Тұқым неге айналады?<br>Жұлдызқұрт неге айналады?<br>Жұмыртқа кімге айналады?<br>Балапан кімге айналады?<br>Ұн не болады?<br>Бала кім болады?<br>Педагогтің айтқан сөздерін қайталайды.<br>**3.Қорытынды кезең (рефлексия)**<br>Педагог ҰОҚ-ны қорытындылайды.<br>Содан соң балаларды ынталандырады. ҰОҚ қызықты болған болса, күліп тұрған смайлдың суретін салуды сұрайды. Қызықты болмаса, тік сызық сызады.<br>**2.Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы:** Жүйрік ат. | - Балалар, «әдептілік» деген сөзді қалай түсінесіңдер?<br>- Әдептілік деп үлкенді сыйлау, кішіге қамқор болу, тазалықты сүю, достарын ренжітпей ойнау, қиын кезде көмектесуді айтамыз.<br>- Бүгін біз Ермек Өтетілеуұлының «Әдептілік әлемі» өлеңімен танысамыз.<br>- Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Айырықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді.<br>*Қарсы ал ерте күн көзін,*<br>*Төсегіңді жина өзің.*<br>*Асықпай іш тамақты,*<br>*Жина аяқ-табақты.*<br>**Сұрақ-жауап:**<br>- Өлең қалай аталады?<br>- Өлең сендерге ұнады ма<br>- Өлеңде не туралы айтылған?<br>- Асты қалай ішу керек? (Асықпай ішкен ас сіңімд болады).<br>- Ас ішкен соң не істеу керек? (Ыдыс-аяқты жинаймыз).<br>- Әдепті бала деп қандай баланы айтамыз?<br>**Сергіту сәті**<br>*Көшелерден біз өткен,* |



Scanned with ACE Scanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | собрались поиграть.<br>К нам сорока прилетела И коробку нам открыла.<br>Дети повторяют слова за педагогом.<br>Из коробки педагог достает по одному разноцветные большие и маленькие кубики, шарики, машины, барабан, мячи, зайчик и др.<br>Педагог спрашивает, а дети отвечают на вопросы.<br>–Это что? – Это кубик.<br>–Какого цвета? – Красный (зеленый, желтый, синий).<br>–Этот кубик большой или маленький? (отвечают)<br>–Какой кубик большой? – Красный кубик большой, зеленый – маленький.<br>–Кубики какие? – Красные, желтые, зеленые, большие и маленькие. (аналогично с остальными игрушками).<br>Знакомство с новыми словами<br>**Билингвальный компонент:** ұзын – длинный, қысқа – короткий, биік – высокий, аласа – низкий.<br>**Физминутка «Я и мы»**<br>*А теперь, ребята, встать*<br>*Руки высоко поднять,*<br>*Пальцы сжать, потом разжать,*<br>*Руки вниз и так стоять.*<br>*Наклонитесь вправо, влево.*<br>*И беритесь вновь за дело.* | ҚазақстанРеспубликасы.<br>Қазақстан аталу себебі: жергілікті халық – қазақ ұлты. Біздің еліміз – көпұлтты ел. Қазақстанда тұратын басқа да көптеген ұлт өкілдері Қазақстанды өзінің Отаны деп санайды.<br>– «Отан – отбасынан басталады» дегенді қалай түсінуге болады? Мақалдың мағынасын өз түсінгендерің бойынша айтып көріңдер.<br>**Мақалдың мағынасын талдау:** «Отан – біздің отбасымыз, үйіміз, балабақшамыз, туған жеріміздің табиғаты, ауылымыз, қаламыз.<br>Барлық адамда бір ғана Отан болады. Әр адам өз Отанын қорғап, кастерлеуі тиіс, табиғатын аялап, жанындай сүюі қажет.<br>Сендер әлі кішкентайсыңдар, бірақ қазірден бастап өз Отаныңа көмектеріңді көрсете аласыңдар.<br>**Сергіту сәті:**<br>Бұл шақта, бұл шақта,<br>*(қолдарын жан-жаққа созады, жоғары көтереді, төмен түсіреді).*<br>Кішкентаймыз қазір біз.<br>*(Отырып-тұрады).* | ма?Сендер бір біріне мейірімділікті қалай көрсетесіңдер?<br>«Сүйіспеншілік бар жерде, шынайылылық бар»<br>1.Шынайылық дегенді қалай түсінесіңдер?<br>«Сүйіспеншілік пен өмір» аңыз әңгіме.<br>М: -Бір аралда қандай сезімдер өмір сүріпті?<br>-Сүйіспеншілік не үшін көмек сұрады?<br>-Білім күліп ақылмен не деп жауап берді?<br>Қ: - Сендердің бойларында сүйіспеншілік бар ма?<br>-Бір-бірлеріне сүйіспеншілікті қалай білдіресіңдер?<br>-Егер сендерге жаны қиналған адам кездессе көмек берер ме едіңдер?<br>Жүрекшелерді салып, бір-біріне сыйлату.<br>**Жеке жұмыс.**<br>**Ойын: «Мейірімді сөз айт»**Мен сені жүрегіммен жақсы көремін!<br>**Рефлексивя**<br>**Соңғы тыныштық сәті**<br>**«Дос болайық, бәріміз» әнін орындау.**<br>Көзімізді жұмып, еркін жайғасамыз. Бүгінгі күннен алған жақсы сөздерді ,ойларды жүрегімізге | **Мақсаты:** мүсіндеудің өздері білетін әдіс-тәсілдерін қолдана отырып жүйрік атты мүсіндеуді үйренеді.<br>1.**Ұйымдастыру кезеңі.**<br>**Шаттық шеңбері**.<br>*Түйе, жылқы, сиыр, қой –*<br>*Төрт түлік осы біліп қой.*<br>*Аяғым тұлпар – жылқымын,*<br>*Мақтанымын жұртымның.*<br>*Ерге қанат тұлпар – мен,*<br>*Қай түлік келер маған тең?!*<br>*Сүтім – қымыз, етім – ем,*<br>*Білесің бе, оны сен?*<br>2.**Негізгі кезең.**<br>Педагог әңгіме жүргізеді: Біздің ата-бабаларымыз жылқыны сенімді серігі деп санаған, «ішсе – сүт, жесе – ет, мінсе – көлік» деп айтқан.<br>Жылқы – ең жүйрік жануар, оның сүтінен қымыз дайындалады.<br>– Балалар, бүгін жылқыны мүсіндеуді үйренеміз.<br>**Педагог дәптердегі жасалу жолын көрсете отырып, түсіндіреді:**<br>1.Қоңыр түсті ермексазды | *Ата көрсем, жақын кеп,*<br>*Сәлем берем ізетпен.*<br>*Алдан әже жолықса,*<br>*Бөгелем де әдейілеп,*<br>*Сәлемдесем сол тұста:*<br>*«Есенсіз бе, әжей?» – деп*<br>**Дәптермен жұмыс:**<br>- Суретте не бейнеленген?<br>- Баланың әрекетін ретімен ата.<br>- Суретте саған не ұнады? Өз ойыңды айт.<br>- Бала кімге кездесті? Ол қандай әрекет жасады?<br>- Бала қолындағы допты кімге ұсынды?<br>- Сен болсаң қандай әрекет жасар едің?<br>Есіңе сақта: «Адам әдебімен көрікті».<br>3. **Қорытынды бөлім.**<br>**Рефлексия**<br>Педагог қорытынды жасайды.<br>**3.Аппликация**<br>**Тақырыбы**: Тауыс.<br>**Мақсаты:** бірнеше бөліктерден тұтас бейне құрастырып жапсыруға үйрету.<br>**Ұйымдастыру кезеңі**<br>Педагог:<br>–Балалар, бұл ненің дауысы?<br>Олардың көңілін тауыс құсына аударады.<br>**2.Негізгі кезең** |



Scanned with ACE Scanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
